

Кайкен Ж.Б., Аманбаева А.А., Қабдолланова А.Е.,
Аубакиров Ф.М.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУЫПСЫЗДАНДЫРУ

Оқу құралы



Семей 2018 ж

Кайкен Ж.Б., Аманбаева А.А., Қабдолланова А.Е.,
Аубакиров Ф.М.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУЫПСЫЗДАНДЫРУ

Оқу кұралы

Семей 2018 ж

УДК
ББК
К

Пікір білдірушілер:

1. Толысбаев Б.С. Еуразия университеті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
2. Абылкасымова Ж.А. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің экономика кафедрасының меңгерушісі, экономика мамандығы бойынша PhD докторы.

Кайкен Ж.Б., Аманбаева А.А., Қабдолланова А.Е., Аубакиров Ф.М.
Экономикалық қауіпсіздендіру. Оқулық. Семей. 2018 жыл. 100 бет.

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, баспаға беру ұсынылды.

Қазақстан Тұтынушылар Одағы Агробизнес және экономика колледжінің әдістемелік кеңесінде қаралып, қолдау тапқан.

Оқулықта қауіп-қатер, қауіпсіздендіру туралы түсініктен бастап, оның мағынасы, мақсаты, көрсеткіштері келтіріліп, экономикалық қауіпсіздік халықаралық, мемлекеттік, аймақтық, кәсіпорын, жеке адам деңгейлерінде баяндалған. Бұрыннан шығарылған орыс, қазақ тіліндегі оқулықтар, кейінгі кездегі баспадан шыққан Республика ғалымдарының еңбегімен толықтырылып, баспа жіберген қателіктері түзетіліп, төл ана тілінде жазылған, шет ел сөздерінің қазақша мағынасы келтірілген.

Оқулық жоғарғы, кәсіби орта оқу орындарының студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, экономикамен шұғылданатын жалпы қауымға ұсынылады.

Оқулық Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің жиырма жылдығына арналады.

УДК
ББК

Кайкен Ж.Б.

Ештеңе жоқ жаһанда айла-шарғысыз,
Әр айланың шарасы бар нанғысыз...
Есеп-қисап жүрген жерге ес керек...

Жүсіп Баласағұн (1069-1070)

Алғысөз

Оқулық экономикалық қауіпсіздік аталғандықтан, ол үшін әрқилы шаралар қолданылатындықтан, экономика есеп-қисапқа жүгініп, тиімділікке талпынып, қиыншылықтан шығуға ұмтылатындықтан, мәңгүрт қазақ дегенге ескерту жасағымыз келгендіктен Жүсіптен үзінді беріп бастадық.

Біздің пайымдауымызша қауіпсіздікке байланысты мәселелер экономика, философия, саясат, әлеуметтану, тағы басқа ғылымдардың түйіскен жерінен шығады, өйткені шыр етіп дүниеге келген адамзаттың барлық өмірі қаралатын сұрақтарға тікелей байланысты.

Білім қанша жетілгенмен табиғаттың ашылмаған сыры жеткілікті, миллиардтаған адамның әртүрлі себептерге байланысты ой-өрісі, қарекеті әрқилы, сондықтан өмірдің қауіп-қатері де сансыз. Олай болса қауіптің алдын алу, оған әрекет жасау да саусақпен санауға келмейтін мәселе және қауіп-қатер де бірімен-бірі байланысты, адамға келтірер зиянын да кейде ақшамен есептеуге келмейтіні тағы бар.

Оқулықтарда қауіпсіздікті бірнеше түрге бөлуінің де себебі қамтитын сұрақтарының көптігі, бірінің екіншісіне әсер ететін күрделілігінде, жасалмақшы шаралардың да жан-жақтылығында, тағы сондайлар. Өйткені қаншама адам бар, сонша заңға сиымды болар дейтін тұжырымы мен айла әрекеті бар. Ақылды деп санайтын ірі деңгейдегі басшылардың өзінен әттеген-айлар болып жататынын тарих біледі. Міне, сондықтан адамға, қауымға, қоғамға, мемлекетке, дүние жүзіне туатын қауіп-қатерлер сансыз, демек, нәтижелі шаралар да ұшы-қиырсыз. Сөйтсе де, негізгілері деп санасақ та қауіпсіздік туралы болашақ адамдарының оқып-білгені, қиыншылықпен күресіп өзіне де, еліне де залалсыз шараларды жүргізу керектігі өмір заңы.

Жалпы экономикалық қауіпсіздік дегенді көз алдыңызға елестеткіңіз келсе, қай деңгей болмасын дүние жүзі, мемлекет, аймақ, кәсіпорын, жеке адамға байланысты экономикалық көрсеткіштерді есіңізге түсіріп, оның неге ауытқитынын, одан қандай зиян келетінін талдап, орнына келтіру үшін қандай шаралар қолдану керектігін, оның берерін елестетсеңіз болғаны ескеретін жағдай ол сұрақтардың бірімен-бірінің байланысы барлығы. Нарықты жағдайда сұраныс пен ұсыныс, пайда табу негізгілері, әрине әлеуметтік мәселелер көлеңкеде қалмауын ескеру керек. Бұл мәселелерді шешкенде заңға бағыну, адамгершілікті сақтап, ардың таза болуы негізгі шарттар.

Оқулық алты тараудан тұрады, баяндалған сұрақтары мазмұнында берілген. Мақсатымыз қазақтың төл тілінде аталған пәннен түсіндірме беру болды, шет ел сөздерін келтіріп, шұбарламай білгенімізше ана тілінде

жаздық. Бұл қазақ тілінде экономика пәндеріне арналған бірнеше оқулықтардың жалғасы. Оны айтып отырғанымыз, кемшілігі болса соларды пайдаланып толық мағлұмат алуға болар деген ойдамыз.

Сөйтсе де, оқулық туралы ұсыныстарыңыз болса Семейдегі Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің экономика кафедрасына жіберулеріңізді сұраймыз. Рахмет. Қазақ болып, экономиканы қазақшалайық. Оқулық университеттің жиырма жылдығына арналды.

Профессор Жабайхан Кайкен.

I – тарау. Қауіптілік, қауіпсіздік туралы ұғым.

1.1. Қауіптілік, қауіпсіздік туралы түсінік, түрлері.

Адамзат жаралғаннан бері үнемі қауіп қатерде өмір сүреді. Ол өз ортасында, сырттан да туындайды. Қауіп әртүрлі себептерден болады, соның әсерінен адамға зиян, залал келіп әрқилы қиыншылыққа ұшырайды, жағдайы нашарлайды, тіпті денсаулығынан айрылып өмірмен қоштасуына дейін апаруы мүмкін.

Қауіптің түбірі әртүрлі, қастандық, залал, зиян, табиғилыққа үйлеспеушілік. Шығуына байланысты табиғи, табиғат, жұмыс, әлеуметтік жағдайлар болуы мүмкін. Арнайы бағытталуы мен шығу себептеріне орай қиындық жағдайлардың туындауын сипаттағанда төмендегідей етіп бөледі:

- қоздыру - әртүрлі жағдайларға байланысты қауіп тұғызу, көңіл аударту, секемді күдіктену;

- тәуекелділік – жағымсыз, қалаусыз жағдайлардағы әрекет ету;

- қауіптілік – әр түрлі себептерге байланысты ойланып, біреулерге қастандық туғызу;


- қатер – жеке адамға, қоғам мен мемлекетке, ұлттық, байлық пен халықтың ұлттық өміріне нақты зиян келтіру үшін әрекет. Қауіптілік деңгейіне байланысты халықаралық ұлттық, аймақтық, жекелеген болып бөлінеді. Қоғам өміріндегі, адамзат қызметіндегі қауіптіліктер болып та жіктеледі. Робердің сөздігіне байланысты қауіпсіздікті 1190 жылдан бастап пайдаланған дейді. Оның мағынасы әр түрлі қауіптерден қорғалған адамның бейберекет күйін көрсетеді. Бірақ бұл анықтау Батыс Еуропа елінің сөздігіне толықтай енгізілмей, XVII ғасырға дейін. Алты ғасыр бойы қауіпсіздік деген сөздің сирек қолданылғандығы XIII ғасырдан бастап – қорғаушы (полиция) кеңінен тарады. Ол мемлекеттік құрылым, мақсаты жалпы тәртіпті сақтап, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

XVII-XVIII ғасырларда барлық елдерде мемлекеттің басты мақсаты жалпы жақсы тұрмыс пен қауіпсіздікті сақтау екендігі туралы көзқарас

тұрақтады. Сондықтан «қауіпсіздік» сөзі сол кезден бастап жаңа мағынаны көрсетті, ол келетін күш пен рухани қауіптің жоқтығынан тыныштық пен тыныштану, байлық, экономикалық, саяси жағымды жағдай, оны туғызатын лайықты орындар мен ұйымдар.

Ресейде «қауіпсіздік» сөзі ұзақ уақыт бойы сирек қолданылды. 1981 жылдан бастап, «мемлекеттік қауіпсіздік» пен «қоғамдық қауіпсіздік» қатар айтылды. Бірнеше жылдан кейін заңда «қоғамдық қауіпсіздікті қорғау» түсінігі тұрақты орнады, ол мемлекеттік қылмысқа қарсы күрес ретінде жүргізілді.

Қауіпсіздік түсінігінің жеңілдетілген құрамы төмендегі үлгіде көрсетілген.



Мағынасы бойынша қауіпсіздік түрлері



1-үлгі. Қауіпсіздік түсінігінің құрылымы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік заңында, қауіпсіздік түрлеріне төмендегідей сипаттама берілген;

Әскери қауіпсіздік - мемлекеттегі адам және азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің өмірге маңызды қажеттіліктерін жағдайына күш көрсететін сыртқы және ішкі қауіптерден немесе соны ойлайтындардан сақтау;

Қоғамдық қауіпсіздік – азаматтардың өмірін, денсаулығы мен аман – есендігін, қазақ қоғамының рухани-өнегелі байлығын, әлеуметтік камсыздандыру жүйесі келетін, туындайтын қауіптерден қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын сақтап, қорғау;

Саяси қауіпсіздік - азаматтардың құқығы мен тәуелсіздігін, әлеуметтік топтар мен олардың мүддесінің теңдігін, мемлекеттің тұрақтылығын, бірлігін, халықаралық жағдайда қолайлы етуді қамтамасыз ететін **Ата заңды**, құрылымын, мемлекеттік басқару орындарының жүйесіндегі жұмысын, мемлекеттік басқару ретін нақтылы, қауіп туғызатын жағдайдан қорғау;

Экономикалық қауіпсіздік - Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасының тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты және қауіп туғызатын жағдайдан қорғау;

Хабарлама қауіпсіздігі – Қазақстан Республикасы қарамағындағы жеке адам, азаматтарын, қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы мен елдің тәуелсіздігіндегі хабарлама тәуелсіздігін қорғап, туған, туатын қауіптен сақтау;

Табиғат тазалылығының қауіпсіздігі – адамзат пен азаматтардың қоғам мен мемлекеттің өмірге қажетті жағдайларын, оған құқығын қорғап, қоршаған ортаға табиғаттың қолайсыз жағдайынан, адамзат өміріне кері әсерлерден қорғау;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – адам мен азаматтардың қоғам мен мемлекеттің өсіңкілік дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау.

Тарихта қауіпсіздік сөзі XII ғасырдан бастап қолданылады делінген. Оның мәні мен мағынасы туралы әдебиеттерде келтіріледі. Соның бірі Қазақстан Әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің экономика және бизнес жоғары мектебінің ұсынуымен шығарылған К.С.Мұхтарованың тақырыпқа байланысты бірінші болып орыс тілінде бастырылған деген 2014 жылғы оқулығында Ресейдің зерттеушілерінің «қауіпсіздік» сөзі туралы анықтамалары келтіріліпті.

Б.А.Тамбовкев қауіпсіздік дегеніміз адамның кез – келген сапасының ұнамсыз өзгерісінің аздығын көрсетеді деп атауымыз керек дейді.

Е.А.Олейников бастаған ұжымдағылар отандық экономикалық әдебиеттерде, танымал экономикалық қауіпсіздіктің негізі (мемлекет, аймақ, кәсіпорын, жекелер) деген жұмыстарында қауіпсіздікке анықтама береді. Онда қауіпсіздік өмірдегі маңызды әлеуметтік жағдайлар әлеуметтік жағдайлар мен олардың құрылымдарын ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден сақтап, сақтандыруды дамыту дейді. Қауіпсіздендіруге жатқызатындар мемлекет, аймақ, жеке кәсіпорын, адамдар.

Б.С.Вечкановтың пікірінше қауіпсіздік нақтылы аумақтағы, белгілі уақыт мерзіміндегі, географиялық жағдайдағы тарихи кешеннің сапалық анықтаушысы, оның құрамдарына қоғам, мемлекет, адамдар жатады.

Қауіпсіздік орнына байланысты В.К.Сенчагов ғылыми жиынтықта, анықтамасында белгілі орынның басқалармен байланыс жүйесіндегі сыртқы және қауіптер жағдайындағы сақталып, даму қабілетін айтады.

Қауіпсіздік адамның, қоғамның, мемлекеттің, дүниежүзінің жағдайына байланысты бірнеше мәселелерді қамтиды, ол өмірге келер зиянды тоқтату, одан қорғау сақтандыру жолдарын пайдалану сияқтылардың жүйесі. Оның барлығы мемлекеттің өмір сүрген тарихи уақытына, оның басқару, орындау, сот құрылымына, күші мен әлсіздігіне, қоғамдық қатынас пен өндіруші күштердің сипатына байланысты.

Қазіргі заманда қауіпсіздік туралы негізгі ұғым дүниежүзілік саясат. Бұл салыстырмалы жас ғылыми бағыт, оның құрылуы, әлі аяқталған жоқ.

Дүниежүзілік саясаттың әдістемелік зерттеуі аз дамыған. Дегенмен, бүгінде дүниежүзілік саясатты ғылым ретінде мемлекеттің, аймақтың, дүние жүзінің жағдайы мен даму қағидасын орналасу, саяси экономикалық, әскери, табиғат тазалығы, ұлттық құрам, халық орналасуы, діни және басқа себептерді жүйелі жүргізуді есептей отырып зерттейді дейді.

В.Даль сөздігіне сәйкес қауіпсіздік, қауіптің болмауын, сақталушылықты, сенімділікті білдіреді. Яғни қауіпсіздік объектілері болатын жеке тұлға, мемлекеттік қауіпті болмауын білдіреді.

Кең мағынадағы қауіпсіздік, мемлекеттің барлық азаматтарына өзін-өзі көрсету олардың өмірін, еркіндігі мен меншігін жеке адам тарапынан немесе мемлекеттің өзінің қол сұғушылығынан қорғау.

Турекулова Д.М., Бейсенғалиев Б.Т., Жұманова Б.Қ., Құрманов Н.А. «Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі» оқулығында (Алматы, 2015 ж). «Қауіпсіздік» – бұл жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің, өмірлік маңызы бар және қызмет етуінің түлкі негіздерін, сондай – ақ халықаралық қауымдастықтың сыртқы және ішкі қауіптерден сенімді қорғау жай-күйі, сонымен қатар, олардың қызметі жүзеге асырылуына, қызмет етуіне және дамуына қажетті жағдайлар жасалады - дейді.

Қорыта айтқанда «қауіп» - адамға, ұйымға, ортаға, аймаққа, мемлекетке, дүниежүзіне келетін зиян, «қауіпсіздік» - қауіпке қарсы жасалатын айла – шаралардың нәтижесінде туындайтын мамыра жайлық.

1.2 Қауіптің туындауы

Алдыңғы тарауда қауіп адамға, адамзатқа, ұйымға, қоғамға, мемлекетке, дүниежүзіне келетін зиян екендігін баяндадық, оның шегі адамның өмірмен қоштасуына, басқаларынан тарап, ыдырап жойылуына апарады. Оның салдары адамға байланысты денсаулығынан айырылып, ауру – сырқауға шалдығуы, бостандығынан айырылып, тәуелсізділігінен айырылды. Осындай жағдайға ұшыраудың себептері көп, оны жеке адам басына, ұйымға, қоғамға байланысты екіге бөліп айтуға болады.

Адамға төленетін қауіптердің түрлері: адамнан, хайуанаттан, табиғаттан. Оны жіктеместен бұрын қазақтағы қауіп - қатер деген сөздердің мағынасын айыра кетейік. Қауіп адамнан, қатер табиғаттан, хайуандардан болады. Қауіп іштарлық, өшпенділік, бақталастық, бәсекелестік, білместік, салғырттық, немқұрайлылық, жауапкерсіздік сияқтылардан туындайды. Бұларды жіктеп мысал келтіру де артық болмас. Қазақта іштарлылық, көреалмаушылық деген жағымсыз мінездің бірі, өкінішке орай ол жақын туыстар арасында да кездеседі. Оның емі ақылға салып, адамның өзін өзі жөнге келтірді. Болмаған жағдайда кез –келген уақытта екінші адамға қауіп тұғызады, ол ұйымына сондағы басқа топтағы адамдарға да зиянын тигізеді. Қауіптің екінші себебі өшпенділік, жағдай насырға шапса, өміріне де зиян. Өкінішке орай нарықты экономикадағы, бәсекелестікті өшпенділікке айналдыратындар кездесіп жатады, бірін – бірі өртеп жіберу. Өміріне қол жұмсау туралы мысалдар табылады. Бақталастық көреалмаушылықтың сыңарына жатады. Осы аталған қауіптің себептері құпия түрде жүргізілетіндіктен, оны аңғару, әшкерелеп, шара қолдану қиын, күрделі мәселе, оны аластату үшін арнайы жұмыстар атқарылады. Қауіптің білместіктен, салғырттықтан, немқұрайдылықтан, жауапкерсіздіктен туындауы атқаратын қызметте, өндірісте қызмет көрсетуде кездесетін жағдай. Оның зиянын азайту, тоқтату өндіріске жұмысшы, қызметкерлер қабылдағанда мұқият болуды қажет етеді.

Өндірістегі, кәсіпорындағы қауіптің бір түрі жұмысты ережеге сай жүргізілмегендіктен туындайды, зиянды қойып, адам өміріне де әсерін тигізеді. Мысал ретінде ақпараттарда беріліп жататын жер қойнауындағы, қуатпен, тағы басқа қауіпті жұмыстарда орын алатын қауіптерді айтуға болады.

Әдебиеттерде, бірен – саран шығып жатқан оқулықтарда қатерді қауіп-қатерден қосақтап айтады, шын мәнінде қатер табиғаттан, жабайы хайуандардан келетін залал, ол зияннан да үлкен. Қазақ қатер дегенде от пен судан сақта дегенді қосып айтатынын бала кезден естіп жүрген сөзіміз.

Табиғаттың дүлей күші, дауыл, құйын, нөсер, су тасқыны, найзағай, қарлы – боран, аяз, шыжыған ыстық, жер сілкінісі тағы басқалары адамзатқа қауіп туғызады. Ғылыми зерттеулерге негізделіп алдын ала қам жасау, қауіпсіздікке мүмкіндік береді.

Қауіптің неден болатынын болжау алдын ала қамсыздану шараларын жасап, тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.

Жеке адамға байланысты қауіптің туындауын жоғарыда айттық, енді ұйымға байланыстыларын жіктейік.

Ұйымға, кәсіпорынға, қоғамға, мемлекетке адамнан келетін қауіптің **себептері** төмендегідей:

1. Қауіп түрлерін жан – жақты қамтитын заңның болуы, онда әділетті шешім мен оған жауап беретіндерді нақтылы көрсету, заңның жүретін жерлерін, әкімшілік жасайтын мерзімін белгілеу. Болмаған жағдайда қауіптілік тиылмайды.

2. Қауыппен күрес жасап, болған жағдайда тиым салып, жауаптыларын анықтап отыратын жергілікті және мемлекеттік, халықаралық ұйымдардың жұмысының салғырттығы мен нәтижесіздігі.

3. Халықаралық деңгейдегі адамзатқа зияны тимейтін келісім – шарттар жасалып, оның мұқият орындалуы қауіпсіздік туғызады, бұзылуынан қауіптер туындайды.

4. Табиғаттың тазалығын сақтап, зиянды тосын жағдайлардың (дауыл, құйын, жауын – шашын, топан су, найзағай, өрт, т.б) алдын алатын келісім – шарттардың сапалы, толықтай орындалмауы, адамзат өміріне қауіп төндіретін атом, ұлы газ, жұқпалы аурулар т.б. жағдайларға тиым салмау қауіп көзі.

5. Өндірістегі қарым – қатынастарда мемлекет ішіндегі және сырттағы серіктестердің келісім шарттарын уақытында, сапалы орындамауы күткен нәтижеге қауіп туғызады. Жекелей адам өміріне қатыстылары адамзат дамуына кедергі жасайды.

1.2. Қауіпсіздік маңызы, мағынасы.

Адам, адамзаттың өміріне келетін қауіптерді үнемі есте сақтап, алдын ала ойластырып, сақтану өмірдің басты шарты. Есі кіріп, өмірмен қоштасқанға дейін үнемі туындап отыратын қауіп – қатерден құтылуға тырысып, шара, айла-әрекет жасап отыру әркімнің әрекеті. Оны жүзеге асыру өзінен, ұйымынан, қоғамнан, мемлекеттен, дер кезде оңды шешім алып, орындауынан. Қазақта өмір сүруге байланысты мақал – мәтелдер баршылық, соның мән-мағынасын түсініп, қолдана білсе, өміріне оңды бейімделсе құба-құп. Мысалы, ақымақ бас екі аяққа тыным бермес - дейді, қимылың зая, мағынасыз нәтижесіз, берері жоқ, бос әурешілік дегені, Осы сияқты қауіпсіздікті де ойластырып шара қолдану арқылы шешуге болады. Бұл жеке адамнан бастап, бәріне, ұйымға, қоғамға, мемлекетке қолдануға болатын мағына.

Қауіпсіздіктің маңызын дүние – мүлікпен , байлықпен өлшеу жеткіліксіз, ол адам өмірімен теңестіріледі. Сондықтан да бірінші байлық денсаулық деп, оған қолданылатын шара, қауіпсіздік туғызу, ауруды емдеу емес алдын алу, салауатты өмір сүру екендігін айтады. Бұл айтылған сөз қауіпсіздіктің жалпы маңызын сипаттайды, өмірге қауіп туғанда қолданылады. Ал, тіршілікте қауіптің үлкен – кішілігіне байланысты, әкелетін зиянына орай жіктеу де бар. Міне ондайда белгілі өлшемдер қолданылады, дүние – зат, оның құны, табыс, залал, тағы басқалары. Жеке адамға, кәсіпорынға, қоғамға, аймаққа, мемлекетке келетін зиян мен оны болдырмау, не азайту шаралары есептеліп, берерін анықтайды, ол көрсеткіштерді де маңызын шығаруда қолданады. Бұл орайда жақсы тұрмыс, дүние-зат, қор, ақшалай көрсеткіштері бар, жиынтық ретінде экономикада ЖҰӨ (жалпы ұлттық өнім), ІЖӨ (ішкі жалпы өнім) қолданылады. Қауіпсіздік пен молшылықты айтарда қазақ, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман дейді.

Қауіпсіздік мағынасы алаңсыз өмір сүру, оны тудыру адамзаттың өзіне байланысты. Адамзат атауы барлық елді қосып айту, оған бұқара халықтың

бәрі жатады, бай патша қарапайым жұрт. Әрине қауіпсіздік әркімге әрқилы байланысты. Қарапайым адамдарды айтсақ, өз сана – сезімі, тіршіліктегі күйбеңіне орай шешімі мен жүзеге асыруы, бай-патшалардың еліне адал еңбек етуі. Тарихта елім деп еңірегендерін мәңгілік есіне сақтап, ұрпақтан ұрпаққа пір тұтқандары мен опасыздарын сәйкі мазакқа айналғандарын атап айтып жүр.

Кімге болсын, жеке адамнан бастап, патшаға дейін, қауіпсіздіктің болуы әділ заңға құлшылық ету, бұзса айыпты. Әділ заң шығарып, қолдану да ақылдының ісі, бағалаушы халық. Ондайда опасыздарды, түбі оңбайды дейді. Тарихқа үңілсеңіз мыңдаған мысал табасыз.

Бұл тарауда адамзатқа туатын қауіп, қауіпсіздік туралы жалпы ұғым сөз болды, үстіртін оның түрлері, алдын алудың жолдары болмағанда тартатын зардап айтылды. Басты шақ сат көзге шұқып, басқа ұрып елестету емес, ой елегінен өткізіп, санаға сына енгізу болды. Жекелей нақты мысал, қауіптің адам мен ұйымға тудыратын экономикалық зияны туралы, оны болдырмау әрекеттері жайлы келесі тарауларда жазылады.

Пысықтау сұрақтары

1. Қауіптің түбірі, шығу жағдайлары.
2. Бағытталуы мен шығу себептеріне орай қиындықтың сипатталуы.
3. Робердің сөздігіндегі қауіпсіздік.
4. Қауіпсіздік түсінігінің деңгейіне байланысты құрамы.
5. Мағынасына орай қауіпсіздіктің алдыңғы сегіз түрін атаңыз.
6. Мағынасына орай қауіпсіздіктің кейінгі алты түрін атаңыз.
7. Қазақстан Республикасының заңындағы әскери қоғамдық қауіпсіздікке сипаттама беріңіз.
8. Қазақстан Республикасының заңындағы әскери қоғамдық қауіпсіздікке саяси, экономикалық сипаттама беріңіз
9. Қазақстан Республикасының заңындағы әскери қоғамдық қауіпсіздікке хабарлама, табиғат тазалығы, ұлттық сипаттама беріңіз

10. В.А.Тамбовтың қауіпсіздік туралы тұжырымы.
11. Е.А.Олейниковтың қауіпсіздік туралы тұжырымы
12. Г.С.Вечкановтың қауіпсіздік туралы тұжырымы
13. В.К.Сенчаговтың қауіпсіздік туралы тұжырымы
14. Қауіпсіздіктің дүние жүзілік саясат ретінде орын алуы.
15. В.Даль сөздігіндегі қауіпсіздік мағынасы.
16. Турекулова Д.М., Бейсенғалиев Б.Т., Жұманова Б.Қ., Құрманов Н.А.

қауіпсіздікке сипаттамалары.

17. Қауіп, қауіпсіздік туралы қорытынды.
18. Қауіптің салдары.
19. Адамға төнетін қауіптердің түрлері.
20. Қауіп пен қатердің айырмасы.
21. Қауіптің туындау себептері.
22. Жеке адамнан туатын қауіптерге сипаттама беріңіз.
23. Іштарлық, өшпенділік, бақталастықтардың әсеріне, мысал келтіріңіз.
24. Өндірісте туындайтын, жеке адамдарға байланысты қауіптерді атаңыз, себептері.
25. Қатер туралы түсінік
26. Ұйымға жеке адамға келетін – 1-3 қауып себептерін атаңыз.
27. Ұйымға жеке адамға келетін – 4-5 қауып себептерін атаңыз.
28. Қауіпсіздікке байланысты өмірдің басты шарты.
29. Қауіпсіздіктің басты маңызы.
30. Қауіптің көлеміне орай маңызын анықтау.
31. Қауіпсіздіктің мағынасы.
32. Қауіпсіздікті жасаудың басты шарты.
33. Қауіпсіздікке әсерін тигізетін жағдайлар

II–тарау. Экономикалық қауіпсіздік мағынасы, мақсаты, көрсеткіштері

2.1 Экономикалық қауіпсіздіктің мағынасы

Бірінші тарауда қауіп, қауіпсіздік туралы айтылғанда қауіпсіздіктің бір түрі экономикалық екендігі баяндалды. Экономика деген сөзді пайдалану өмір сүруге байланысты, оған қажетті жағдайларды туғызуға орай қолданылады ол денсаулықты сақтап, нығайту, оның деңгейіне ықпал жасайтын мәселелерді дер уақытында, қажетті мөлшерде туғызу. Бір сөзбен айтсақ өмірге қажеттіліктердің бәрін пайдалану. Оның мөлшері дүние-заттай да, сомадай да көрсетіледі, нақтылы ғылыми түрде жасына, өсіп-жетілуіне қарай ағзаның қажеттілігі. Оны мемлекет деңгейінде белгілеп жүр, оның өзі әрқилы себептерге байланысты ауытқып көрсетіледі. Әр адамға орай қажеттілік нақтылы ағзаға керегінен басқа да сезім мен рухани күйіне де қарай өзгереді, ол екінші сұрақ. Негізі ағзаның физиология, көңіл-күй мәселелеріне байланысты қажеттілігі.

Сонымен, жеке адамға байланысты экономикалық қауіпсіздік, оған өміріне қажетті жағдай туғызу. Оның жиынтығы жанұя, ұйым, қоғам, мемлекет деңгейіндегі қажеттіліктерді көрсетеді.

Экономикалық қауіпсіздік батыс елдерінің, басқару жұмысының тәжірибесінде жақсы танымал болғандықтан мағынасына көптеген пікірлерді қосып анықтау берілген. 1997 жылы шыққан профессор Е. А. Олейниковтың «Основы экономической безопасности» оқулығында экономикалық қауіпсіздік дегеніміз халықтың мемлекет арқылы сырттай араласып, ықпал жасамай экономикалық дамуының жолы мен түрін анықтаудағы тәуелсіздігі дейді. Экономикалық қауіпсіздік саяси экономика мен саясат ғылымдарының тоғысқан түрі, ол экономикалық тәуелсіздік, тәуелділік, тұрақтылық пен әлсіздік, экономиканың қысым, бопсалау, мәжбүрлеу мен басып алушылық, экономикалық дербестік сөздерімен тығыз байланысты.

Бірінші тарауда айтылғандай жалпы қауіпсіздікке ұқсас, экономикалық қауіпсіздіктің деңгейлері бар, ол халықаралық, ұлттық, жергілікті, жекелей.

Әдебиеттерде экономикалық қауіпсіздік мәні туралы пікірлер берілген О.А. Бельковтың пікірінше экономикалық қауіпсіздік елдің экономикасының жағдайын сапалы анықтау, қоғамның көзқарасы оны сақтау, немесе қарқынды дамыту.

Экономикалық қауіпсіздіктің дүниежүзілік жағдайын талдаған Е.Бухвальд, Н.Гловацкая, Е. Лазаренко – бұл сөздің экономикалық дамудың қиыншылық жағдайындағы экономикалық, әлеуметтік-саяси, әскери тұрақтылығын көрсететін деңгейі деп ұғынуымыз керек дейді.

Академик Л.И.Абалкин экономикалық қауіпсіздік деген ұғымда экономиканың алға жылжуына мүмкіндік беріп, тиімді болып, әлеуметтік мәселелерді шешіп, соған орай мемлекет шешім қабылдап, жүзеге асыруын қамтамасыз етіп, жүзеге асырып өмірде тәуелсіз экономикалық саясат жүргізуіне жағдай жасайтын экономикалық жүйені көрсетеді.

Экономикалық қауіпсіздіктің жіктелген, жүйелі анықтамасын Екатеринбург ғалымдары береді. Олардың пікірінше экономикалық қауіпсіздік қауіп төнген жағдайда экономикалық жүйенің жұмыс істеп, дамуы, қауіпті азайтып залалын орнына келтіру, қауіптің келешекте шексіз көбеймеуін, сырттан келетін жағымсыз жағдайлардан өтіп, жүйе мен оны пайдаланушылардың тұрақты жағдайын қамтамасыз ету болып табылады.

Ю. И. Владимиров пен А.С. Павлов біріккен жұмыстарында экономикалық қауіпсіздіктің сыртқы экономикалық мәселелерін қарастырып, оның экономикалық жүйедегі маңызды сапалық сипаттамасы дей келе халықтың қалыпты өмір жағдайын қолдап, халықшаруашылығының дамуындағы қорлармен қамтамасыз етіп, ұлт-мемлекет мүддесін біртіндеп жүзеге асырушы санайды.

Әдебиеттерде жиі келтіріліп жүрген экономикалық қауіпсіздіктің салыстырмалы толық анықтамасы Ю.Глазьевтікі. Ол, экономикалық қауіпсіздік дегеніміз елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақты қамтамасыз ететін, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қолдайтын, жаһандану жағдайындағы ұлттық экономиканың керек

деңгейіндегі бәсекелестігін жасайтын экономика мен қоғамның өндіріс күшінің жағдайы - дейді.

В.С.Зачашвили экономикалық қауіпсіздік анықтамасында қазіргі жағдайдағы дүниежүзілік экономиканың дамуында ұлттық шаруашылық жүйесінің қызмет етуіне әсер ететін нақты сыртқы жағдайларға басымдық береді. Оның пікірінше ұлттық экономикалық қауіпсіздік ұғымы экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ететін, экономикалық күшті көбейтетін, талапқа сай өмір сапасын көтеретін, дүниежүзілік шаруашылық құрылымының аумақтық күші саналатын халықаралық экономикалық өзара тәуелділік пен геоэкономика құрылымына қатысты ұлттық шаруашылық жағдайы.

Бұл сияқты анықтамалар мен түсініктерді жалғастыра беруге болады, бірақ талдау көрсеткендей, олар төрт басты ұғымнан тұрады, атап айтсақ:

- мүдде;
- тәуелсіздік;
- бәсекелестік мүмкіндігі;
- төзімділік.

Ғалымдар экономикалық қауіпсіздікке анықтама бергенде жоғарыдағы ұғымдарды жинақтап, өзара байланысындағы қолдауларын пайдаланып, қарсы келетін жерлерін түзеуге тырысады. Шын мәнінде бұл ұғымдардың кәсіпорын, аймақ, қоғам, мемлекеттер түгілі туысқан жеке адамдар арасында қарсылық көрсететіндері айғақ, өйткені ойларындағы мақсаты әрқилы. Әрине мемлекет деңгейінде бірлесіп өмір сүруге байланысты нені істеп, нені жасауға болмайтынын заңға жатқызып, оны орындау міндет екені көрсетіледі. Бірақ дегеніне жету үшін жеке адамның да айла, әрекеті сансыз. Сондықтан көрсетілген ұғымдардың бірін-бірі жақтап, немесе қарсы келуі өмірдегі шындық. Енді мүмкіндігінше қысқаша түрде көрсетілген төрт ұғымның қайшылықтарын көрсетейік. **Мүдде** - әр адамда әр түрлі, бір жанұяның өзіндегі бірнеше адамдардың өзінде өзгешеліктер бар. Ол негізінен адамның жаратылысына байланысты. Тәрбие, тәрбиелейміз деген

жалпы салыстырмалы көрсеткіш, ықпалы бар. Бірақ адамның негізгі қасиеті, оның бірі мүдде қанмен беріледі. Қарапайым мысал, баласының әкешесінің қимылына дейін қайталайтын, оны ата-анасы үйретпейді, баласы оның бір болмаса, екінші бір қимылын қайталайтынын өзі де байқамайды. Күрделілігіне барсақ мінез – құлық ойы, дауысы, тағы басқаларын тізе беруге болады. Сондықтан адамдардың мүддесінің әрқилылығы қалай пайдаласанызда да әр түрлі. Оның заңға жатып, жатпайтынына заңның каталдығына қарап тосқауыл жасалуы салыстырмалы түрде шектеу қояды. Оны орындау, орындамаудың сансыз жолдары, айла-әрекеттері баршылық, негізгі шешім мен іске асу кімге байланысты. Шешімін дұрыс табуға бағытталған халықтың, ата-бабаларымыздың сан мыңдаған мақал-мәтелдері бар, соны өміріне пайдаланса ұтылмайды. Заман өзгеруіне байланысты мүдде де өзгереді деп жатады, бірақ адам баласына берілетін ерекше қажет адамгершілікті сақтау негізгі жол.

Тәуелсіздік адамның бас бостандығына байланысты. Ол негізінен салауатты өмір кешіп, ойлаған мақсатына жету үшін жасайтын әрекетіне шектеу қойылмау. Оның негізін мемлекеттің заңы құрайды, дүниежүзіне байланысты біріккендер шешім қабылдап іске асырады. Жеке адамның басына орай, жанұя, кәсіпорын, ұйым, қоғам, мемлекеттердің тәуелсіздіктері жіктеледі, оның жүзеге асуы өмірге әсерін тигізеді. Тәуелсіздікті заңға байланысты қорғау жергілікті орындар мен басқару ұйымдарына, үкіметке жүктеледі. Әрбір адамның оны біліп пайдалануы біліктілігіне байланысты, бұзғандардан қорғайтын арнайы орындары бар. Бәсекелестік мүмкіндігі нарықты экономикада кеңірек қолданылады. Бұзушыларға қарсы қолданылатын айла-әдістер заң жүзінде іске асырылады. Заңда бәсекелестіктің қағидалары көрсетіліп, бұзушыларға шара қолданылады. Бәсекелестіктегі жеңу тауардың, атқаратын қызметтің сапасы мен бағасына байланысты. Болмаған жағдайда әріптестеріне қауіп туғызу заңмен айыпталады. Бәсекелестік өндірісті жаңалап, жаңа тәсіл қолданып, шығындарды азайтып, еңбек өнімділігін жоғарылатуға мәжбүрлейді.

Төзімділік өндірістіктің дамуындағы қиыншылықтарды жеңуге бағытталған шаралардың жиынтығы. Қауіп әрқилы болғандықтан одан сақтану, шығу жолдары да әрқилы, негізі заңға сүйеніп жасалуы керек.

Ұғымдардың ішіндегі бастаушысы ұлттық экономиканың тұрақты, еселеп дамуы, ол мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің сапалы түрде бар екендігін көрсетеді. Ал, басқалары ұлттық экономиканың халықаралық нарыққа тәуелді, тәуелсіздігі, ұлттық экономикалық саясаттың басқа елдерге байланыстылығы, ұлттық экономиканың бәсекелестікке бейімділік деңгейі тұрақты, қарқындап дамудың қолдайтын немесе қарсылық жасайтын себептері.

Жоғарыдағы айтылғандардың қорытындысы, мемлекеттік экономикалық қауіпсіздік ішкі және сыртқы ықпалдар жағдайында ұлттық экономиканың тұрақты, қарқынды дамуын қамтамасыз ету.

2.2 Экономикалық қауіпсіздіктің мәні мен мақсаты

Экономикалық қауіпсіздік жеке адамның дамуы мен өміріне қажетті жағдайларды қамтамасыз етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және әскери-саяси тұрақтылығын, мемлекеттің тұтастығын сақтап ішкі және сыртқы қауіптердің ықпалына нәтижелі қарсы тұра алатын экономикалық даму. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің үкіметтік саясаты өндірістік, ғылыми-техникалық мүмкіндіктердің жететін деңгейін қолдап, тұрғындардың өмір деңгейін әлеуметтік наразылық туғызатын белгіге жеткізбей, тұрғындар топтары мен бұқара халық арасындағы қайшылықты болдырмау.

Экономика, саяси, құқықтық ортада тұрғындар мен әртүрлі меншік түрлерінің дербестігін сақтап, жеке адамдардың заңды тәуелсіздігін сақтау басты мәселе. Елдегі экономикалық қауіпсіздікті туғызу үкіметтің маңызды міндеті. Оның негізгі бөліктеріне қуаттылық қауіпсіздігі жатады, ол шет елден сатып алуға тәуелсіз ететіндей экономиканың негізгі

бөліктерін (қорғаныс өндірісін қоса есептегенде) қамтамасыздандыру: тамаққа тәуелсіздік, ол үшін тұрғындарды негізгі тағамдармен өз ауылшаруашылығының қамтамасыз етуі.

Экономикалық қауіпсіздендірудің маңызды мәселесі ұлттық өнімнің жоғары бәсекелестігі. Мұны шешудегі үкіметтің орны ерекше. Елдің сыртқы экономикалық қауіпсіздігінің тарамдарына ұлттық ақшаның құндылығы, елді қарыздар етпей, берешектің көлемін жоғарылатып қарыз беретіндерге тәуелділік болдырмау жатады.

Экономикалық қауіпсіздік - ұлттық экономиканың қалыпты, тұрақты дамып, сыртқы ішкі қауіптердің әсерінен сақтау. Ол адамның, қоғамның, мемлекеттің қарқынды дамуын қамтамасыз етеді. Ол ұлттық экономиканың тұрақты дамып, қоғам қажеттілігін техника-экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, сыртқы және ішкі қауіптердің әсеріне төзімділік көрсетіп, басқа елдерге тәуелді етпей мемлекет экономикасының мүддесін қорғау. Батыс елдерінде экономиканың бәсекелестікке төзімділігіне басымдық беріп, соның жағдайларына көбірек көңіл аударып, экономикалық қауіпсіздік сөзін сирек, пайдаланып, зерттелмейді. Біздің мемлекетке ол үкімет саясатының қызметі саналады, ол экономиканың көп деңгейлігін көрсетіп, әлі де сақталады.

Л.Абалкин экономикалық қауіпсіздік ұлттық экономиканың тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, тұрақтандырып, үнемі жаңарып, жетілдіріп отыратын жағдайлар мен себептер дейді.

Е.Буквальд қауіпсіздікті ұлттық, халықаралық деңгейде қоғам қажеттілігін тиімді қанағаттандыруды қамтамасыз ететін экономика қабілеті деп тұжырымдайды.

И. Хакамада XX, XXI ғасырдың талабына сай табиғаттың, өндіруші күштердің, әсіресе ойлау мүмкіндігіндегі адам қорының, түбегейлі ғылымның сақталып, тиімді пайдалануына жағдай жасайтын құқықтық, экономикалық, басқару, ұйымдастыру, өндіріс жүргізу мәселелеріне мүмкіндік туғызуды экономикалық қауіпсіздік дейді.

Демек, экономикалық қауіпсіздіктің мәні экономика жағдайы мен үкіметтің құрылымдарының ішкі және сыртқы дамудағы қиыншылықтарға карамай, ұлттық мүддені қорғауды камсыздандырып, саясаттың әлеуметтік бағытын, жететіндей қорғаныс мүмкіндігін туғызу.

Сонымен, экономикалық қауіпсіздік ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жетісіп, салалық құрылымдардың сақталып, республика экономикасының дүниежүзілік нарықтың жағымсыз сыртқы әсерінде өзара байланысты дамыту икемдігі.

Қамтитын мәселелерінің шегіне байланысты құрылған қағиданың негізінде экономикалық қауіпсіздік күрделі көпсалалы жүйені көрсетеді. Оның біріншісі дүниежүзілік шаруашылық, екіншісі мемлекет мәселелер, үшіншісі аймақ, төртіншісі – кәсіпорын, бесіншісі жеке бастың мәселелер. Мемлекет деңгейінде экономикалық қауіпсіздікті меншікті болу мен ұлттық табыстың бөліну құрылымының қолдануын, әлеуметтік қатынас жағдайын, жүйесін, қоғам құрылымындағы, оның ішінде әсіресе жұмыссыздар мен зейнеткерлердің өмір сүруі мен сапасын, әлеуметтік қиналу деңгейін, қоғамдағы әлеуметтік бөлімдердің жағдайын, әр саладағы лауазым иелерінің іскерлігін есепке алмай қамтамасыз ету мүмкін емес.

Экономикалық қауіпсіздік қаржы, азық-тұлық, қуат, тасымалдауларды қамтиды.

Экономикалық қауіпсіздік үкімет орындарының, ұйымдардың, лауазым иелері мен азаматтардың шешімі мен әрекеті арқылы жүзеге асады. К.Б. Дауылбаев, Г. Нұрхановалар экономикалық қауіпсіздікті төмендегідей бөліктерге (классификация –латын сөзі «classic» - бөлік; facere - делать) бөлуді ұсынады: **сыртқы**: қаржы, сауда, өндіру әдісі (технология – грек сөзі techne - искусство; «logo» - слово, учение), **ішкі** – азықтық, қуаттық, шикізаттық, табиғат тазалығының хабардарлық (информация- латын сөзі informatio - осведомлять, хабардар болу. Бұлардың әрқайсысының сандық сипаттамасы бар.

Экономиканың қауіпсіздігі әрбір жеке адамның өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ететін жағдай туғызып, қоғамдағы әлеуметтік- экономикалық және әскери - саяси тұрақтылығын қамтамасыз етіп, мемлекеттің бүтіндігін сақтап, ішкі, сыртқы қауіптерге нәтижелі қарсы тұра алатындай болуы керек. Осыған орай мемлекеттің экономикалық әрекеті өндіріс ғылыми жұмыс атқару деңгейлерін қолдап, елдің өмір сүруін шамадан тыс төмендетпей әлеуметтік қиыншылық туғызбай, халық арасындағы қайшылықты болғызбауы тиіс. Ұлттық экономика егемендікті, тұрақтылықты, бірқалыптылықты атауы керек. Бұл орайда ұлт өнімінің бәсекелестікке төзімділігі ерекше орын алады. Соған әсер ететін мәселелерді шешуде мемлекеттің алар орны ерекше. Бір сөзбен айтқанда экономикалық қауіпсіздік елдің мәңгілік ел болуын қамтамасыз ететін басты жағдайдың бірі және бірегейі.

2.3 Экономикалық қауіпсіздіктің көрсеткіштері, деңгейлерін бағалау әдістері.

Экономикалық қауіпсіздіктің анықтаушы көрсеткіштері оның деңгейін көрсетіп, алдын ала сақтануға мүмкіндік береді. Соған байланысты үкімет мемлекеттің халықаралық байланысқа үлесін қосу мүмкіндігін, өмір сүруін, күш көрсетуін анықтайды. Бұл деңгейлердің әрқайсысының анықтаушылары, көрсеткіштері бар. Мысалы, халықаралық қатынаста қаржы – экономикалық, ғылыми- техникалық, саяси елдермен байланыстағы саясат, оларды пайдалану өмір сүру мүмкіндігінде жағрапиялық жағдай, халық саны табиғат қоры экономикалық және қорғану күші, ұлттық ғибрат, қиыншылық, үстірт жағдайдан шығу, күш көрсету дегеніне жету сияқтылар бар.

Бұл көрсеткіштердің қорытындысы ретінде жалпы ұлттық қуат салыстырылымы келтіріледі. Жапон ғалымдарының бағалауынша бірінші орында АҚШ (100%), екінші орында бұрынғы Совет Одағы (77%). Дүниежүзілік экономикалық жиын және басқарудың Халықаралық

институты жыл сайынғы жасалатын «Дүниежүзіндегі бәсекелестікке қабілет» баяндамасында 48 басты мемлекеттердің алатын орнын келтіреді. Ол үшін 348 әр түрлі көрсеткіштерге негізделген сараптамада бастылары үлкен экономика жағдайлары - елдің жан басына табыстары, ақша құнсыздануының деңгейі, сыртқы сатым теңдігі. Одан басқа табиғат қоры, өндірістік жағдай құрылымы, жағдай туғызу мүліктері, тағы басқалар бар. Жалғасында әлеуметтік- экономикалық әсер етушілердің оқу-ағарту деңгейіне, қылмыс өспеуіне, тағы басқаларға ықпал жасайтын салымы талданады. Баяндама дүниежүзіндегі 21 мың ірі ұйымдардың басшыларының үкімет билігінің білгірлігін, еңбек ұйымдастыру, қаржы қызметінің сапасы, паракорлық деңгейі, бұзықтық жағдайын бағалауы негізге алынады.

Зерттеушілердің пікірінше дүниежүзінде алдыңғы орында АҚШ, одақ тарағаннан кейінгі кезде тек Ресей ғана талданып, ақырғы орын алыпты.

Экономикалық қауіпсіздіктің мәні көрсеткіштер мен оның бағалауларының негізінде жүзеге асырылады. **Бағалау белгілерінде:** қор мүмкіндігі, оның дамуы қор мен еңбектің пайдалану тиімділігінің деңгейі, алдыңғы қатарлы елдерге сәйкестігі, соған орай ішкі және сыртқы қауіпсіздіктердің азаюы, экономиканың бәсекелестігі, экономика мен орналасудағы тұтастық, егемендік, тәуелсіздік, сыртқы қауіпке төте мүмкіндігі, әлеуметтік тұрақтылық, ондағы шиеленісті басу көрсетіледі. Анықтаушы көрсеткіштер жүйесінде: өмір деңгейі мен сапасы, ақша құнсыздануының қарқыны жұмыссыздық өлшемі (мөлшері), ЖІӨ экономикалық өсуі, қаржы жетіспеушілігі, мемлекет берешегі, дүниежүзілік экономикаға енуі, алтын қоры, көлеңкелі экономика әсері сыртқылар ерекшеленеді.

Экономикалық қауіпсіздіктің әдебиеттерде келтірілген көрсеткіштері мен жүйелері бар. Мысалы, К.С. Мухтарованың оқулығында төмендегідей жіктеу бар (сурет 2.3.1).

Экономикалық қауіпсіздіктің көрсеткіштері

Экономикалық қауіпсіздік		Қауіп түрлері	Қауіпсіздік деңгейі	
Салымдық	Сыртқы экономикалық		Қалыпты	Үлкен экономикалық
Өндірістік	Қуаттылық		Кіші экономикалық	Жекелік
Жаңашылдық	Қаржылық		Көрсеткіш түрі бойынша	
Азық - түліктік	Әлеуметтік		анықтағыш	Сандық
Табиғат тазалығы		Шегі	сапалы	
		еселік		
		Әсер ету деңгейі бойынша		
		сыртқы	ішкі	

2.3.1 сурет. Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерінің жүйесі

Экономикалық қауіпсіздікке көп жағдайлар әсер ететіндіктен оны сипаттайтын көрсеткіштер де көп. Оны жүйеге келтірмесе шешім қабылдау қиынға соғады. Мысал ретінде көп тараған кейбір көрсеткіштерді келтіруге болады. Мемлекет экономикасына салым салуды алсақ, ол қауіптілік деңгейінде - үлкен экономикалық көрсеткіш түрінен сандық анықтаушы, әсер ету деңгейінде - сыртқы, қауіпсіздік түрінде экономикалық (салым салу) болып есептеледі.

Мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейін қауіпсіздікте қалыпты жағдай, көрсеткіш, түріне орай сапаны анықтаушы, әсер етуінде, ішкі қауіпсіздік түрі бойынша әлеуметтікке жатқызуға болады. Жүйеге келтіру, жіктеу көрсеткіштердің көп сатылылығына мүмкіндік береді.

Тәуелсіз елдердің одағындағы ғалымдардың экономикалық қауіпсіздік деңгейін бағалауында әртүрлі әдістері қолданатынын айтуға болады, оны бес топқа бөлген:

1. Үлкен экономикалық негізгі көрсеткіштерді қадағалап, оларды шекті деңгейлерімен салыстыру (С. Глазьев);
2. Қауіпсіздік деңгейі бойынша аймақтарды жіктеуде сараптаумен бағалау әдісі;
3. Басты үлкен экономикалық көрсеткіштер бойынша мемлекеттің экономикалық даму қарқынын бағалау;
4. Қолданбалы есептегі пайдаланылатын әдістер;
5. Қауіп төндіруден келетін зиянды бағалауда экономикалық әдістерді пайдалану (Л.Гончаренко).

(С. Глазьев өз әдістемесінде 22 негізгі көрсеткіштерді ерекшелейді, олардың ішінде ІЖӨ (ішкі жалпы өнім), өнеркәсіп өндірісінде қайта өндеудің үлесі, ІЖӨ-дегі салым көлемі (%), ғылыми зерттеу шығыны, тұрғындардың өмір ұзақтығы, жұмыссыздар деңгейі, ақша құнсыздануының деңгейі, ішкі, сыртқы берешек көлемі, тағы басқалар.

Қауіпсіздік деңгейін бағалаудың көрсеткіштерін жоғарыда келтірілген сурет алдында баяндадық.

Жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің деңгейі мен жағдайын сипаттайтын **үлкен экономикалық** (макроэкономика) **көрсеткіштер** бар:

1. Жан басына есептегендегі өмір деңгейі мен сапасы: өндіруге болатын ІЖӨ нақты, жеке табыс, орташа еңбек ақы, ІЖӨ –дегі еңбекақы үлесі, тұтынушылық шығындар, жеке жинақтар, табыстар өзгерісінің еселігі, табыстар жинақталуының еселігі (ДЖини еселігі), әлеуметтік күнкөріс деңгейі, нақты күнкөріс деңгейі, кедейлік деңгейі;
2. Ақша құнсыздануының деңгейі: өнеркәсіп өнімдерінің көтерме бағасы бойынша, ауылшаруашылығының сатып алу бағалары бойынша, колхоз нарығының бағалары бойынша;
3. Жұмыссыздық деңгейі, %;
4. Экономикалық өсу: ІЖӨ өсу қарқыны (жылына%), ІЖҚ өсім қарқыны (%) ІЖӨ қатысының өзгерісі, %;

5. Өнеркәсіп өнімінің өсу қарқыны, оның ішінде салалық бөлінуінде;

6. Ауылшаруашылығы өнімінің өсу қарқыны, оның ішінде салалары бойынша;

7. Өнеркәсіп өнімдерінің салыстырмалы өсуі;

8. Ауылшаруашылығы өнімдерінің бағалардағы қатынасы;

9. Бағалар деігейі;

10. Қаржының жетіспеуі, не артуы;

11. «Көлеңкелі экономика» үлесі, т.б.

Бұларға қоса негіздік үлкенэкономикалық қатынастарды шығарды, олар:

1. ІЖӨ-дегі, ұлттық табыстағы, еңбекпен қамтылғандардағы мемлекеттің, жеке бөлімдердің үлесі;

2. Мемлекеттік және жергілікті кәсіпорындардың жекешелендіру өзгерісі;

3. Басымшылдық және оның азаюы;

4. Нарықтық құрылымдардың дамуы;

5. Экономиканы мемлекеттік реттеу жолдары;

6. Салық жүйесі;

7. Ақша айналымы;

8. Сыртқы сауда жолдары;

9. Пайыздық, есеп мөлшерлемелері.

Үлкенэкономикалық деңгейде өндіріс өзгерісінің сандық мәнін шығарады, олар: 1) өнеркәсіп өнімінің өсу қарқыны; 2) ІЖӨ құрылымы; 3) өндірістік ІЖӨ; 4) пайдаланылған ІЖӨ; 5) жеке және жалпы негізгі салымдар; 6) бөлшекті тауар айналымы.

Маңызды жеке элеуметтік анықтаушылар:

1. Табыстар өсуінің ара қатынасы;

2. Тұтытудағы айырымдар;

3. Жеке тұтыну қорындағы сырттар үлесі;

4. Тұрғын үйлермен қамтылуы;

5. Білім беру деңгейі;
6. Тұрғындардың еңбекпен қамтылу деңгейі;
7. Тұрғындардың көші-қонының анықтаушысы;
8. Шет елдерге білімдарлардың кетуі;
9. Экономика бұзықтарының анықтамалары;
10. Тұрғындардың әлеуметтік белсенділігі, оның ішінде ереуілдік қозғалыс деңгейі.

Әдебиеттерде экономикалық қауіпсіздіктің не екенін, қауіпке нендей себептердің барын, олардың келтіретін зиянын табу үшін әр елдің ғалымдары, оның ішінде Қазақстанда бар, көптеген көрсеткіштерді атайды. Өйткені экономика қоғам жүйесі ретінде өте күрделі, мындаған көрсеткіштермен сипатталады. Мысалы, Ресейдің әлеуметтік - экономикалық жағдайының дамуын сипаттайтын ресми кестелерінде 300-ден астам көрсеткіштер бар.

Экономикалық қауіпсіздікке қауіп туғызатындарды талдау үшін қаржы-қаражат орталығы 150 көрсеткішті таңдап алған, олардың өзгерісі үлкен - экономикалық саясатта-қауіп төнуін ескертеді. Олар сандық мөлшерде экономикалық қауіпсіздікті көрсетеді. Шектеудің өзінде қауіптің көрсеткіштері тым жалпылама, сондықтан маңызды, өміршеңдерін айырып алу күрделі. Бұл жағдайда сәттірек таңдаулар бар. Мысалы, В.Сенчагов таңдаулы бағалауда қор мүмкіндігінің, еңбек пен қордың, экономиканың бәсекелестікке төзімділігін, аймақтың бүтіндігін, егемендігін, тәуелсіздігін, әлеуметтік тұрақтылығын анықтауды ұсынады. Экономикалық қауіпсіздіктің анықтаушы көрсеткіштеріне өмір деңгейі мен сапасын, ақша құнсыздануының қарқынын, жұмыссыздық өлшемін, экономикалық өсімді, қаражат тапшылығын мемлекет қарызын, дүниежүзілік экономикаға енуін, алтын қарын, көлеңкелі экономика жұмысын жатқызады.

Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштеріне: тұрғындар басына ІЖӨ көлемін, өнеркәсіп өндірісіндегі өңдеу, машина жасау үлестерін, ІЖӨ салым көлемін (%), кедейшілік деңгейін, өмір ұзақтығын, ғылыми-зерттеу

шығынын, 10% ең жоғарғы, төменгі табыстылар алшақтығын, қылмыс деңгейін, жұмыссыздар, ақша құнсыздануларының деңгейін, сыртқы және ішкі берешек көлемін, қаражат тапшылықтарын жиі жатқызады.

Келтірілген көрсеткіштердің ішінен басымдырағы адам басына есептегендегі ІЖӨ. Бұл көптеген әлеуметтік-экономикалық жағдайларды сипаттайды. Мысалы, қазіргі ҚР-дағы бұл көрсеткіш алдыңғы қатарлы елдерден екі-үш есе төмен. Бұл мемлекеттің елдің қорғану мүмкіндігінің, тұрғындардың қажетті, сапалы түрде өмір сүруінің, ғылым мен техника дамуының жағдайларындағы тапшылығын көрсетеді. Кейбір көрсеткіштер қауіпті деңгейді сипаттайды.

Экономикалық қауіпсіздіктердің әрбір түрлерінің, айталық қуаттылық, азық-түліктік, жұмыс әдісінің, тасымалдаудың, тағы басқаларының өзіндік көрсеткіштері бар.

Мысалы, экономикалық бірлестік елдерінің Ұйымы елдердің даму деңгейі мен қарқынын салыстыру үшін жұмыс жетістігіндегі қауіпсіздікті сипаттау үшін төмендегідей көрсеткіштер жүйесін ерекшелейді:

- Экономиканың жоғарғы жетістіктеріндегі дамуын, оның өңдеу өндірісі мен қызмет көрсетудегі ара үлесін, жаңашылдықтағы белсенділігін;

- Білім алудағы салым мөлшерін, оның ішінде жоғары дәрежелі, ғылыми-зерттеу мен тәжірибе, жобалау жұмыстары, оларға салым;

- Хабардар, қызмет көрсету құралдарын дайындап, шығару, жобалық өнімдермен қызмет көрсету;

- Ғылыми сала мен жоғары дәрежедегі өндіру тәсілдеріндегі шұғылданушылардың санының артуы;

- Ғылым мен жобалаудағы ұйымдардың қаражатын қамту;

- Ғылыми зерттеу кезеңдеріндегі шығын құрамдары; олардың әр бағыттағы үлесі;

- Ел арасындағы білім тарауы, ғылым мен салымдағы халықаралық бірлестіктер;

- Ұйымдар мен қатысушылардың байланысын нығайту;

- Ғылыми жұмыстардың нәтижесін елдер арасында алмасу;
- Ғалымдар мен жоғары дәрежедегі мамандардың араласуын күшейту;
- Қаражат көлемінің ауысуын, оның ішінде шет елдік тікелей салымдарды көбейту;
- Хабардар, қызмет көрсету мәселелерін жылдам тарату;
- Өңдеу өндірісіндегі салалар мен жоғары деңгейдегі қызмет көрсетудің үлесін жоғарылату;
- Білімге жоғары сұраныстағы қызметтерді нарыққа шығару;
- Елдер арасындағы тауар алмастыруда күрделілерінің үлесін көбейту;
- Жоғары деңгейдегі жұмыс тәсілдеріне ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу иелігін (патент - латын сөзі «litterae patentes» – грамота, «patents» - открытие, жаңалық ашушының иелігі) беруді жылдамдату.

Экономикалық қауіпсіздікті анықтағанда қазіргі жағдайдағы көрсеткіштерді қауіпті деңгеймен салыстырады. С. Глазьев, тағы басқа зерттеушілер экономиканың қауіп төндіретін деңгейін келтірген:

Жан басына ІЖӨ, доллармен	11505 (Қазақстан 2008 ж. 8451,8)	
Барлық өндіріс өніміндегі қайта өңдеудің үлесі, %	70	33,2
Өнеркәсіп өнімдеріндегі машина жасау өнімінің үлесі, %	20	2,9
Салымның ІЖӨ қатысы	25	24,0
ІЖӨ ғылыми зерттеуге шығыны, %	2	0,22
Машина жасау өніміндегі жаңа өнімнің үлесі, %	6	2,0
ІЖӨ сатып алу, %	30	23,7
ІЖӨ ақшаға айналу деңгейі, %	50	39,3
Сыртқы берешектің ІЖӨ қатысы, %	25	81,6
Жылдық ақша құнсыздануы, %	20	9,5
Халықтың өмір сүру деңгейінен төмен табыстағылары, %	7	12,1
Орташа өмір сүру жолы, жыл	70	67
Жұмыссыздар деңгейі, %	5	6,6

Келтірілген мәліметтерден Республиканың экономикалық қауіпсіздендіретін межеден де төмен екендігін көреміз, олардың қиыншылық

туғызатынын ескеріп, экономиканы нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізу күн талабында тұрған басты мәселе. Кейінгі жылдары жағдайды жақсартуға арналған шаралар жоспарлануда, олардың іске асуынан нәтижелер анықталады.

Қорыта айтқанда, экономикалық қауіпсіздікті сипаттайтын көрсеткіштер көп, оларды жыл сайын талдап, жағдайдың оң мен терісін анықтап, шаралар қолдану- өмір талабы. Үлкен, кіші экономикаға байланысты ондау жұмыстары әрқилы, олар туралы толығырақ келесі тарауларда баяндалады. Өйткені, экономика салалары мен бөліктерінің өз алдына шеше алатын мәселелері әрқилы, олардың мағынасы Ата заңға байланысты анықталған, қайсысы үкіметтікі, қайсысы ұйымдардың лауазымында, қайсысы жеке жанұя мен жеке бастыкі екендігі сарапталған. Заңға байланысты жұмыс істеу әркімнің міндеті, орындамағандар жауап береді.

Пысықтау сұрақтары:

1. Өмір сүруге байланысты экономиканың мәні.
2. Жеке адамдағы экономикалық қауіпсіздік деген не?
3. Профессор Е.А. Олейниковтың экономикалық қауіпсіздік туралы анықтамасы.
4. Экономикалық қауіпсіздіктің саяси экономика мен саясатқа қатысы.
5. Экономикалық қауіпсіздіктің қандай деңгейлері бар?
6. О.А. Бельковтың пікірі.
7. Е. Бухвальд, Н. Главецкая, С. Лазаренколардың анықтамасы.
8. Академик Л.И. Абалкиннің экономикалық қауіпсіздік туралы тұжырымы.
9. Екатеринбург ғалымдарының экономикалық қауіпсіздік жөніндегі пікірі.
10. Н.Ю. Владимиров, А.С. Павловтың анықтамалары.
11. С.Ю. Глазьевтің сипаттамасы.
12. В.С. Загашвилидің анықтамасы.

13. Экономикалық қауіпсіздіктің төрт ұғымы.
14. Төрт ұғымдардың қайшылықтары.
15. Мүддедегі қайшылықтар.
16. Тәуелсіздік ұғымы.
17. Бәсекелестік мүмкіндігі.
18. Төзімділік.
19. Ұғымдардың бастаушысы.
20. Төрт ұғымның мақсаты.
21. Экономикалық қауіпсіздіктің мақсаты.
22. Экономикалық қауіпсіздіктің міндеттері.
23. Л. Абалкин, Е. Бухвальд, И. Хакамадалардың экономикалық қауіпсіздік мәні туралы тұжырымдары.
24. Экономикалық қауіпсіздік жүйелері.
25. К.Б. Дауылбаев, Г. Нұрхановалардың қауіпсіздікті жіктеуі (классификация).
26. Экономикалық қауіпсіздік туралы қорытынды.
27. Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерінің қажеттілігі, маңызы.
28. Экономикалық қауіпсіздікті бағалау белгілері.
29. Экономикалық қауіпсіздікті анықтаушы көрсеткіштер.
30. К.С. Мұхтарованың Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерін жіктеуі (сурет).
31. Көрсеткіштерді жүйеге келтіру қажеттілігі (мысалдар).
32. Қауіпсіздікті бағалаудағы 1-2 әдістер.
33. Қауіпсіздікті бағалаудағы 3-5 әдістер.
34. Экономика деңгейі мен жағдайын сипаттайтын үлкен экономикалық (макрэкономика) көрсеткіштердің 1-5-шісі.
35. Экономика деңгейі мен жағдайын сипаттайтын үлкен экономикалық (макрэкономика) көрсеткіштердің 6-11-шісі.
36. Үлкен экономикалық қатынастардың 1-4-шісі.
37. Үлкен экономикалық қатынастардың 5-9-шысы.

38. Өндіріс өзгерісінің сандық мәні (алтау).
39. Маңызды жеке әлеуметтік анықтаушылардың 1-5 көрсеткіштері.
40. Маңызды жеке әлеуметтік анықтаушылардың 6-10 көрсеткіштері.
41. В. Сенчаговтың таңдаулы бағалауы.
42. В. Сенчаговтың қауіпсіздік көрсеткіштері.
43. Елдердің даму деңгейі мен қарқынын сипаттайтын 1-8 көрсеткіштер.
44. Елдердің даму деңгейі мен қарқынын сипаттайтын 9-16 көрсеткіштер.
45. С. Глазьевтің қауіп деңгейінің 1-6 көрсеткіштері (кесте, салыстыру).
46. С. Глазьевтің қауіп деңгейінің 7-13 көрсеткіштері (кесте, салыстыру).

III-тарау. Халықаралық мемлекеттік экономикалық қауіпсіздік

3.1. Халықаралық экономикалық қауіпсіздік

Алдыңғы тарауларда экономикалық қауіп, қауіпсіздік туралы әдебиеттерде оқымыстылардың келтірілген анықтамалары берілді. Дегенмен, қайталау болса да, экономика, оның жектелуі, қауіпсіздігі туралы тағы біраз мағлұмат қосқанның артықшылығы болмас. Түсінікті болу үшін қарапайым сөзбен келтірсек, экономика – үй, тұрмыс жағдайы, оны жақсарту үшін жасалатын тіршілік. Өмір сүріп, оны жақсарту үшін істелетін әрекеттерді ғылымда, оқулықтарда экономиканы екі бөлікке бөледі. Ол үлкен (макро), кіші (микро) экономикалар. Мұны қазақшалап отырғанымыз, көптеген сөздер шет тілінде қайталанады, кім бұрын жазды, соның сөзі, шындығында олардың ұлттық (қазақша) аты бар. Экономиканы екіге бөлудің мәні бар, ол қамтитын көлеміне, мәніне, мәселені шешуіне байланысты. Әрбір адам, ұйым, қоғамға байланысты, мысалы үлкен экономика дегеніміз жаһан, мемлекет деңгейінде шешілетін мәселе, әркімнің, бір ұйымның, қоғамдастықтың қолынан келмейтін жағдай. Заңға сүйенсек, тек солай болуға тиіс, ақшаның құнсыздануы, жұмыссыздық, экономиканың жалпы дамуына әркімдер ықпал еткенмен мемлекет деңгейінде шешілетін мәселе тағы сондай сұрақтар бар. Ал, кіші экономика жан иесінің, топтың, кәсіпорынның, жанұяның мәселелерін нарықты жағдайда өзі шешетін мәселелер, ол кіріс, шығыс, табыс, пайда тағы басқалары.

Мұның бәрін тәптіштеп отырғанымыз экономикалық қауіп, қауіпсіздікте осы екі бөлікте әрқилы жағдайда туындап, шешімін табады. Иесі кім болса, қимыл соныкі.

Халықаралық экономикалық қауіпсіздік бір мемлекет емес жандағы барлық барлық елдерге байланысты. Оған әсер ететін мәселелер өте көп, кейбіреуін атасақ мемлекеттің күштілігі, байлығы, өзара түсінушілік, басшының ақылдылығы, тағы басқалар. Тарихта әңгүдіктердің кесірінен соғыстардың туындап, халықтың қырылғандарын айтып жазады. Қазірде де

мысалдар жеткілікті. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқылаған» жағдай туғызғандар да әйгілі, бірақ аз.

Күйсіліс пен келіспеушілік халықаралық қатынастардың әртүрлі саласында бақталастық туындап қарсыласын шеттеткендіктен пайда болады. Адамзаттың өмір сүруіне мүмкіндік жасау үшін халықаралық қауымда барлық қарым-қатынастарда қауіпсіздік жүйесін құруға мәжбүр. Халықаралық қауіпсіздік дегенміз әрбір елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әрбір қарсы көзқарастарды ымыраға келтіріп, соғыс пен әскери қақтығыстарды аластату.

Халықаралық қауіпсіздікті қолдау жүйесінің түрі әрқилы, өйткені әрбір қатысушының жағдайында өзгешеліктер болады (дамуы, саяси-экономикалық әскери деңгейлері). Қазіргі кездегі халықаралық қауіпсіздіктің жүйесіндегі үлкені БҰҰ (біріккен ұлттар ұйымы), барлық саладағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдайтын, өз еркімен біріккен елдер ұйымы. Ол халықаралық жағдайда өз шешімін (әскери, басқа күшпен) орындайтын, бақылайтын ұйым.

Одан басқа халықаралық қауіпсіздік жүйелері аймақтыққа жатады. Одақтасқан елдер экономикалық, табиғат қорғау мүдделері ұқсас болғандықтан бірлесіп әрекет жасайды, оған батыс Еуропадағы одақ, Еуропалық одақ, және тағы басқалары жатады. Солардың бірі Еуропадағы қауіпсіздікпен бірігіп қызмет атқару (ОБСЕ) ұйымы, талқыға салу, кеңес беру сияқтыларды жүргізіп әртүрлі деңгейлерде бас қосады. Осы сияқты ұйымдар Америка, Африка, араб елдерінде бар. Бұрынғы Совет Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіз елдердің ұйымдастығы (СНГ) пайда болды. Олардың әрекетіне қарсы АҚШ, Балтық, Кавказ, Азия елдерімен қарым-қатынасын нығайтуда. Мұның бәрі экономикалық қауіпсіздікке ықпалын тигізуде.

Қазіргі кезде барлық елдерде дерлік ұлттық қауіпсіздік деген ұғым бар. Ол азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің өмірге қажетті мәселелерін, ұлттық болмысын ішкі және сыртқы қауіптерден сақтауға бағытталған. Осыған байланысты ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік саяси, әлеуметтік,

экономикалық, әскери, табиғат қолайсыздығы мәселелерін, олардың қауіпінен, теріс саясаттан қорғау болып саналады. Ол елде, басқа жерлерде ұлттық мүддені қорғайды. Бірінші рет саяси сөздікте ұлттық қауіпсіздік ұғымы АҚШ-тың президенті Т.Рузвельттің елге жолдауында қолданылған. Содан бері анықталған ұғым үкіметтің жаңа құрылымында көрсетіліп, оның өзгерген міндеттері айқындалып отырады. Роберт сөздігіне сәйкес, қауіпсізлік «өзін кез-келген қауіптен қорғалған деп есептейтін адам рухының байсалды жағдайы» деген мағынаны білдіреді.

«Қауіпсіздік» сөзінің классикалық ұғымы қоғам дамуына қарай үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең (XII-XVII ғасырлар) адам қауіпсіздігі туралы. Екінші кезең азаматтардың бостандығы мен теңдігін қамтамасыз ету және қорғау. Үшінші кезең (XX ғ) қауіпсіздік кең мағынада түсіндіріледі, ол мемлекеттік және аймақтық деңгейден жалпы ғаламдыққа дейінгі өмірдің барлық жақтары қауіпсіздігін қамтиды.

Қазақстан Республикасының «ҚР қауіпсіздігі туралы» заңында төмендегідей ұғымдарға сипаттама берілген:

• **Сыртқы қауіпсіздік** - шет мемлекеттер, ұйымдар мен азаматтардан туындаған қауіптерден ҚР ұлттық мүдделерін қорғау;

• **Әскери қауіпсіздік** - ҚР ел тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына әскери сипатта төндірілетін нақты және ықтимал қауіп-қатер мен қол сұғушылықтан қорғау;

• **Ақпараттық қауіпсіздік** – мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуы;

• **Ұлттық қауіпсіздік** - тұжырымдамасы жеке адамдар мен азаматтардың Конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамының құндылықтарын, түпқазық мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ресми қабылданған көзқарастар мен шаралар жүйесі;

• **ҚР ұлттық қауіпсіздігі** - елдің ұлттық мүддесінің нақты және ықтимал қауіп-қатерден қорғалуы;

• **ҚР ұлттық мүдделері** - іске асырылуына мемлекеттің адам мен азаматтың Конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамы құндылықтарын, түпқазық мемлекеттік институттарды қорғауды қамтасыз ету қабілеті байланысты болатын ҚР саяси экономикалық, әлеуметтік және де басқа қажеттіліктерінің жиынтығы;

• **Қоғамдық қауіпсіздік** - Қазақстан азаматтары өмірінің, денсаулығының және игілігінің, сондай-ақ Қазақстан қоғамы құндылықтарының оларға залал келтіре алатын ықтимал қауіптер мен қатерлерден саяси – құқықтық, адамгершілік, әлеуметтік қорғалуы;

• **Ұлттық қауіпсіздік объектілері** - жеке адам, оның құқықтары мен бостандықтары, қоғам оның материалдық және рухани құндылықтары, мемлекет, оның конституциялық құрылысы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы;

• **Ұлттық қауіпсіздік субъектілері** - өз өкілеттігін биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының органдары арқылы жүзеге асыратын мемлекет, азаматтар мен ұйымдар;

• **Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатер** - ұлттық мүдделерді іске асыруға кедергі жасайтын немесе оларға қауіп төндіретін жағдайлардың, процесстер мен факторлардың жиынтығы;

• **Экологиялық қауіпсіздік** - жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік (адамның биологиялық жақтары) және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі;

• **Экономикалық қауіпсіздік** - ҚР ұлттық экономикасының, оның тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қатер төндіретін ішкі және сыртқы жағдайлардан, процесстер мен факторлардан қорғалуының жай-күйі.

3.2. Ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі экономикалық қауіпсіздік

Ұлттық қауіпсіздік түрлері бір-бірімен тығыз байланысты: бірін-бірі толықтырады немесе әсерін азайтады. Мысалы, әлсіз, тиімсіз экономикада әскери қауіпсіздік болмайды, сол сияқты әлеуметтік тұрақсыздықта әскери, экономикалық қауіпсіздік болмайды. Дегенмен, ұлттық қауіпсіздіктің негізі экономикалық қауіпсіздік. Шетелдердің экономикалық қауіпсіздікке қанша көңіл бөлетіндеріне мысалдар келтіруге болады. Мысалы, 1933 жылы АҚШ-тың президенті О.Рузвельт алғашқы басқарған 100 күнінде 15 заң қабылдап, елінің күйзелістің шығып, экономикалық күшінің нығаюына бағытталған "Жаңа қадам" аталған бағыт алған. Онда бұрыннан келе жатқан экономикаға үкіметтің араласпауынан өзгеріп, нарықты экономика мен үкіметтің шаруашылық экономикасына бірігіп жұмыс істеуін қалаған. Қоғамдағы әлеуметтік жағдайға, жекенің экономикасына ықпал жасайды. Осыған байланысты аймақтарда экономикалық қауіпсіздік басшылығын құрған. 70 жылдарда Вьетнаммен соғыс, "суық соғыс" саясаты басталғанда, қаражат жетіспей президент Р.Никсон экономикалық саясат кеңесін құрған. 80 жылдардың басында тағыда ақша құнсызданып, қаражат тапшылығы туындағанда президент Б.Клинтон Ұлттық экономикалық кеңес құрған.

Бұрынғы Совет Одағында, Қазақстан оның ішінде, ұлттық қауіпсіздік, оның ішінде экономикалық қауіпсіздік әдебиеттерде немқұрайлы қарап, шетелдің тәжірибиесінде сын көзде анықтама береді. Кейінгі кезде ғана ол туралы жылжу басталған. Нарықты экономикаға көшу өз заңдылықтарын қабылдауға мәжбүр етіп, экономикалық қауіпсіздіктің зардабын тартуға әкелгендіктен, шұғыл әрекет ету күн тәртібіне қойылды. Соның бірі жоғарғы оқу орындарында экономикалық жаңа пәндер енгізіліп, жаңадан даярлайтын мамандарды оқыту басталды. Кейінгі кезде бірен-саран қазақ тіліндегі оқулықтар шыға бастады, олардың сапасын жоғарылату күн тәртібіндегі мәселе. Экономикалық қауіпсіздік даму арқылы жүзеге асады, ол қаражат табыстарының өсуі, халықтардың еңбекпен қамтылуы, елдің өмір деңгейі

мен сапасын арттыру, әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін өнеркәсіп, ғылыми, жабдықтау жетістіктері.

Экономикалық қауіпсіздікке жету жолдары:

- Тұрақты жоғары экономикалық өсу;
- Елдің сұранысқа төлем қабілеті;
- Салым көбеюі;
- Ұлттық ақшаның болжамды бағыты;
- Тұрақтылық, олардың табиғи басымдықта төмендеуі;
- Өндіріс пен айналым шығындарының тұрақтануы;
- Еңбек өнімділігінің жоғарылауы;
- Барлық экономика бөліктерінің біртұтас саясаты;
- Меншік түріне қарамастан бәсекедегі жағдайлар. Экономикалық қауіпсіздіктегі саясат бағыты;
- Нарыққа қатысушылардың болатын әрекеттерінің тәсілі;
- Баға қалыптастыру;
- Салым саясаты;
- Бәсекелестік саясаты;
- Әкелетін тауарды ауыстыру;
- Сатудағы алыс, берісті кеңінен ұлғайту;
- Кәсіпорын саясаты;
- Аймақ саясаты;
- Экономикалық саясаттар.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қабылданған заңдар мен оның талап, мөлшерлері негізделеді. Оларда экономикалық қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы қауіптері сипатталады, ұлттық мүдделер, талапқа сай халықшаруашылығының көрсеткіштері, саясат шаралары көрсетіледі.

Жақын арада басты саналатын бағыттар:

- Дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық;
- Өндірістің жоғарылауы, жағдайлар туғызудың дамуы;

- Экономикалық өсім, өркендеу, әлеуметтік игілік үшін салынатын салымдар адами қордың бәсекелестігін арттыру;

- Тұрғындарды сапалы әлеуметтік, тұрғын үй жағдайындағы қызметтермен қамтамасыз ету;

- Ұлтаралық келісімді нығайту, қауіпсіздікті, халықаралық қатынас тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары бар, олар құрылымдық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру, мемлекеттің салымдық, қаржылық ақша-несиелік, сыртқы экономикадағы белсенділігін арттыру, бөлім құрудағы өзгерістерді жалғастыру.

Құрылымдылық саясатта үлкен экономикалық (макроэкономикалық) міндеттер:

- Жиынтық сұранысты көтеру;

- Жинақтау мөлшерін арттыру және қолайлы салымдық жағдайды қалыптастыру;

- Қаржылық және өндірістік қорларды тиімсіз орындардан тиімділеріне ауыстыру туралы алғышарттар жасау;

- Отандық өндіруші және басқа мүдделерде сырттан алуды реттеу.

Кішіэкономикалық (микроэкономикалық) міндеттер:

- Тиімді кәсіпорындармен ұйымдардың экономикасын қолдау, ынталандыру;

- Зиянды кәсіпорындармен ұйымдарды тарату.

Экономикалық қауіпсіздіктің шарты салымдық, ғылыми, өндірістік жаңашылдық жобалар жүйесін, келешегі барын жүзеге асыру. Бұл орайда, мемлекеттің қажеттілігіндегі өнімдерді, оны өндіретін салаларды қолдауда басшылық болуы керек. Ішкі, сыртқы қауіптердің алдын-алудағы шаралар мемлекеттің міндеті.

3.3. Экономикалық қауіпсіздіктегі қауіп

Қазіргі кезде экономикалық сыртқы және ішкі қауіптер бар, оларды болдырмау мемлекет саясатының басты бөлімі.

Ішкі қауіп:

Ескіден қалған экономиканың бұзылған құрылымы;

Көптеген салалардың жұмыс атқаруының ескіргендігінен, қормен қуатын көп жұмсап шығынды көбейтіп, өнім сапасын төмендеткен бәсекелестігі төмен ұлттық экономика;

Ғылыми техникалық мүмкіндіктің төмендеп, ғылым мен дамудың жекелеген бағыттарында алатын орнын кемітіп, озық ойшылдардың басқа салаларға ауысып, не шет елдерге кеткендігінен, ой қызметінің құнын жоғалтуынан;

Құнды қазбалардың зерттелген қорының қазба мөлшерінен қалысы;

Экономика басымшылығының жоғарғы деңгейі, оның отын-шикізат бағытындағы көбеюі;

Салым белсенділігінің төмендеуі, өндірістен гөрі жалғастырушы, қаржы жұмыстарына басымырақ жұмсалуды;

Ел арасындағы дүниесіне қарай жіктелуінің нығаюы, табысының өмір сүру деңгейінен төмендерінің көбеюі, жұмыссыздық, жоғары деңгейдегі ақша құнсыздануы, солардың негізінде елтуге салынып әлеуметтік қиындықтарды туғызу, ұйымдасқан бұзықшылық, жезөкшелік, т.б; әлеуметтік саладағы мекелемелердің бұзылуы, жағдайы төмен адамдардың денсаулық сақтау; жүйесіне білім алуға мәдениет орнына баруының шектелуі, соның кесірінен күш-қайратының, денсаулығының, көңіл-күйінің төмендеуі, кәсіпорынның тоқтап еңбекақы төлеуінің созылуы;

Жекелеген аймақтардағы кәсіпорын арасындағы өндірістік, жұмыс жағдайындағы қатынастың бұзылғандығынан, әлеуметтік экономикалық даму деңгейінің әртүрлілігінен, әртүрлі экономикалық бөлімдердегі жан басына шаққандағы ұлттық табыстың айырмашылығының өсуінен,

орталықпен қарым-қатынастың бұзылғандығынан халықшаруашылығындағы аралық теңдіктің сақталмауынан, ақша, қаржы-қарыз жүйесінің бұзылуынан, сыртқы қарыздың бақылаусыз өсуінен аймақтардағы әлеуметтік - экономикалық дамудың өзгерісінің күшеюі;

Экономикадағы бұзықтық, пара алумен ұйымдасқан бұзақылық, олардың басты салаларға енуі, мемлекет бақылау жүйесінің нашарлауы, әкімшілік орындарының әлсіреуі, заң негізінің жөнделмеуінен жаппай табысты жасырып, салық төлеуден жасырынуы, экономиканы басқарудағы парақорлықтың дамып, заңға сүйенетін сот жүйесінің болмауы, нарық экономикасының маңызды бөліктер құрудағы салғырттық, кешеуілдеп артта қалуы;

Экономикалық саясат құрудағы жеткіліксіздік экономикалық шешім қабылдаудағы аймақтың, салалардың ықпалының күшеюі, соның әсерінен қаржы теңдігінің бұзылуы, әлеуметтік қайшылықтың туындауы, отандық өндірушілердің әдейі бәсекелестігін нашарлату;

Жекешелендірудегі теріс саясат, құнын төмен түсіру т.б.

Сыртқы қауіп:

Мемлекеттің ішкі нарығындағы халық тұтынатын көптеген тауарларда шет ел кәсіпорындарының басымдығы, соған байланысты шетелдің тауарларына тәуелділігі, әсіресе саяси мағынасы бар азық-түлік, машина жасауға қажетті бөлшектер;

Сатудағы шикізат тауарларының басымдығы, әскери, машина құру өнімдерінің бәсеңдігі;

Отандық өнімдерді, ішкі, сыртқы нарықтан ығыстыру пиғылындағы отандық кәсіпорындарды шетелдіктердің сатып алуы;

Экономикалық қатынаста шет елдер мен олардың одақтастарының кері әсері;

Сыртқы қарыздың деңгейінің көбеюі, оны жабуға шығынның молаюы, экономикалық - саяси шешімдерді атқарудағы қарыздардың кесірі;

Сатып алу, ақша жұмсаудағы бақылаудың жетімсіздігі, шекаралық тексерудің қолайсыздығы;

Сатып – сатып алудағы шетелмен тасымалдағы қызмет көрсетудің дамымауы.

Экономика саласында өте қауіпті жағдайлар:

Мемлекеттің экономикалық жүйесінің экономикалық дағдарыстан шығу мүмкіндігінен айырылуы, оған экономикалық қылмыстылықтың қарқынды өсіру жүйесін туралатып, мәдениетті кәсіпкерлікті тоқтатуы;

Мемлекеттің шикізат қорындағы мүмкіндігін азайтып қажеттілігін қанағаттандыруды шектеу. Экономикалық жүйенің шикізат пен қуат қорларын үнемдеуге бейімделуін бәсеңдету;

Өндірістік, жұмыс жүргізудегі ғылыми – әдістемелік (техника – гр. Сөзі *techne* – искусство, совокупность техники, навыков и приемов деятельности), өнім сатудағы, сатып алу мүмкіндіктеріндегі үкіметтің, өндіріс жүйесінің дағдарысынан, құрылымының, сапасының бұзылуынан туындайтын күйзеліс;

Өндіріс шығынының қарқынды дамуы мен ақша құнсыздануының жайылуы;

Мемлекет құрылымының ішкі жағдайының (инфраструктура – латын сөзінен *infra* – подструктура - сала, кәсіпорындар мен ұйымдардың бірігіп өндіріс тауар айналымы, өнімге қызмет етуі) дағдарысы;

Қаржы жүйесінің күйреуі;

Экономикадан басқа да әскери, хабардарлық (информация – латын сөзінен *information* - осведомлять) қауіптері бар, олар өз алдына бір келелі мәселелер.

3.4 Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Экономикалық қауіпсіздікті бұзудың заңдық көрсеткіштеріне заңбұзушылық құрамдары кіреді, олар: қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, тәртіпке салу құқықтық.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен жолдары:

1. Құқықтық: шек қою мен шешім шығару,оны бұзғандарға жауапкершілік қою;

2. ұйымдастыру мен саяси:а)экономикалық қауіпсіздіктің көрсеткіштері мен шектеулері (қауіп шегі);

- ішкі жалпы өнімнің өзгерісі, құрылымы, өндіріс өнімдерінің көлемі мен қарқындарының көрсеткіштері,шаруашыланатын салалық, аймақтық құрамдары, жеке салалардың жылжуы, қор салымдары т.б.;

- елдегі табиғат - қор өндірістік, ғылыми-техникалық мүмкіндік;

- қор, қаражат, қарыз жүйелерінің жағдайы;

- шаруашылық әдістерінің ішкі және сыртқы өзгермелі жағдайларға бейімделу жағдайы (ақша құнсыздануы, мемлекет қаражатының жетіспеушілігі,сыртқы экономикалық мәселелердің әсері,т.б);

- адам өмірінің сапасы (жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім),жұмыссыздар деңгейі,табыстарды сәйкестендіріп бөлу, тұрғындардың негізгі бөлігінің дүние-зат иелігі мен көрсететін қызметтермен қамтамасыз етілуі,қоршаған орта жағдайы,т.б

3.Экономикалық қауіпсіздікті анықтайтын мәселелерді қадағалау («мониторинг» - латын сөзі «monitor» - напоминающий, надзирающий, непрерывные наблюдение)

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекет жұмыстары:

1. Ұлттық экономикаға қауіп туғызатын жағдайлардан шығу үшін қажет болған мезгілдерде мемлекет тарапынан жүйелі шараларды жасау;

2. Ұлттық экономиканың қауіпсіздігі үшін қаржы және шаруашылық мәселелерінің қолданылатын шешімдерін сараптау;

3. Ұлттық экономика қауіптерінен өтіп, оны болдырмауға бағытталған топтық шараларды жүзеге асыру үшін жұмыстарды ұйымдастыру.

Экономикалық қауіпсіздіктегі қатерлерді жою үшін жүргізілетін шаралардың орындалуын қадағалайтын жүйелі бақылау қажет. Ол меншіктің құқығы мен жауапкершілігін есепке алуы керек.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз егемен мемлекет ретіндегі дамуының басты шарты ұлттық қауіпсіздікті,оның ішінде экономикалық қауіпсіздікті, қамтамасыз ету. Ол үшін экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету, дүниежүзілік экономикалық жүйеден алшақтамау, ел экономикасының қор, қуат негізін сақтап, нығайту, елдің шектелу аймағында туындаған теріс ұғымдарға байланысты экономикадағы шет елдің ықпалын азайту, отандық, халықаралық қаржы орындарының тиімді ынтымақтастығын қамтамасыз ету, отандық экономиканы қалпына келтіру, дамытуға арналған ішкі, сыртқы несие көздері мен салым мүмкіндігінің өсуі, қаржы тапшылығының шегінен аспай, кіріс бөлігін нығайту, қаржы, қорлардың ысырабына жол бермеу, сыртқы қарыздың заңнан аспауы, әлеуметтік-экономикалық дамуда қатерлерге мұқият болу, бәсекелестікті көтеріп, басымшылыққа шектеу қойып тауар өндірушілердің үлесін арттыру, экономикалық өсімді қамтамасыз ету керек.

Аталған талаптар келісім-шарттар жасалғанда ескеріледі, іс жүзінде орындалуы қадағаланып, бұзылуына жол берілмейді.

Пысықтау сұрақтары:

1. Үлкен (макро) экономика мәселелері.
2. Кіші (микро) экономика мәселелері.
3. Үлкен, кіші экономикадағы экономикалық қауіптердің айырмашылығы.
4. Халықаралық экономикалық қауіпсіздікке әсер ететін мәселелер.
5. Халықаралық қауіптердің туындауы.
6. Халықаралық қауіпсіздіктің туындауы.
7. Халықаралық қауіпсіздікті қолдау жүйелері.
8. Ұлттық қауіпсіздік, оның мақсаты.
9. Қауіпсіздік сөзінің классикалық ұғымы.
10. Қазақстан заңындағы қауіпсіздік сипаттамасы.
11. Ұлттық қауіпсіздік түрлерінің байланысы.

12. Шетелдің (АҚШ) экономикалық қауіпсіздігінен мысалдар.
13. Қазақстандағы экономикалық қауіпсіздіктің бастамасы.
14. Экономикалық қауіпсіздікке жету жолдарының алғашқы тоғызы (барлығы 18)
15. Экономикалық қауіпсіздікке жету жолдарының кейінгі тоғызы.
16. Экономикалық қауіпсіздіктің басты бағыттары.
17. Құрылымдық саясаттағы үлкен экономикалық (макроэкономика) міндеттер.
18. Құрылымдық саясаттағы кіші экономикалық (микроэкономика) міндеттер.
19. Экономикалық қауіпсіздіктегі ішкі қауіптер (1-6).
20. Экономикалық қауіпсіздіктегі ішкі қауіптер (7-11).
21. Экономикалық қауіпсіздіктегі сыртқы қауіптер.
22. Экономикалық қауіпсіздіктегі өте қауіпті жағдайлар.
23. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен жолдары.
24. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекет жұмыстары.
25. Қазақстан Республикасында экономикалық қауіпсіздікке жету үшін қажетті жағдайлар (мәселелер шешімі)

IV- тарау. Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі

4.1. Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің мәні, мәселесі, туындайтын жерлері, ондағы міндеттер

Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі – елдің экономикасынан тәуелсіздікте, қарым– қатынастағы жағдайының, әсер ететін тұрақтылығында алға жылжып, дамуы. Ол дегеніміз - аумақта өзіндік экономикалық саясатты жүзеге асыру мүмкіндігі, өңіріндегі саяси өзгерістерге әсер ету қабілеті, төтенше жағдайлардағы ірі шараларды шұғыл жүзеге асыруы, шартты байланысты басқаларға көмек көрсетуі, экономикалық өлшемдердің өзіндік тәжірибеге сәйкестігі, тұрғындардың өмірге қажетті деңгейі мен сапасын қамтамасыз ету.

Аймақтардың кездескен келер қиыншылықтарынан ерекше саналатына экономикадағы тәуелсіздік, өзіндік нарық, дербестік (мұның бәрін сенаритиза – ағылшын сөзі *separatus* – отдельный, жеке шығу) тоқыраудағы («депрессия» латын сөзі «*defressio*» - подавление) аудандар, жаңа талаптар, олардың даму орталықтары.

Экономикалық қауіпсіздіктегі саясаттың басым міндеттері:

- экономиканы жылдам дамуы үшін қайта құру, онда келешегі бар, тиімділігі жоғары салаларды, еңбек бөлуде олардың ұзақтығын, өз қорларын пайдалануды арттыру көзделеді;

- нарыққа, құрылымдағы өзгерістерге бағытталған өндірістік топтарды құру;

- өкіл бола отырып аймақаралық қызмет көрсету құрылымдарының дамуы;

- жекелеген аудандардың экономикасының тоқтауы (депрессив – латын сөзі *подавление*, басу) оны жайылмай алып тастау, қажет болған жағдайда кедендік мәртебесін беру.

Бұларды жүзеге асыру үшін жаңа бағдарламалар жасалады. Онда ұлттық тұтас – яғни, жеке шешуге жол бермей бірігіп атқару жолға қойылады.

Экономикалық қауіпсіздіктің маңызды мәселесі аймақтардың өзгеруін анықтады. Бұл тұрғыда оларды екіге бөледі, біреуі алушы, қабылдаушы («реципент» латын сөзі «recipens» – принимающий) , екіншісі беруші («донор» – қан беруші, қаражат беруші).

Аймақтық саясат елдегі даму деңгейін бір қалыпқа келтіріп, құрылымдағы сәйкес теңеуін жойды. Айырмашылығы көп жерлерде, экономиканы сауықтыруға бағыттталатын қаражаттардың бөлігі, тұрғындарға жеңілдікпен берілетін қарыздар, кәсіпорындардың таратылуына түскен қаражаттардың бөлігі.

Экономикасы тоқараған аймақтардың мәселесін шешу үшін жасалатын әрекеттер төмендегідей: аймақтық қызмет көрсетулерге салымдары, еңбек өнімділігі жоғары жаңа кәсіпорындарға салықтан жеңілдік беру, жекелеген аймақтарда олардың экономикалық әлеуетін арттыру, табиға апаттар мен әлеуметтік шиеленістерді қалпына келтіруге көмек көрсету, қолайлы жағдай жасау, шаруа қожалықтарымен корперативтерді көтерме қолдау, тұрғындардың бағдарламаларын жүзеге асыру. Олардың санының өсім мүмкіндігін сәйкестендіру, ол үшін айрықша құқықтық ереже жүйесін орнату. Тоқыраудан шығу үшін мемлекеттік, аймақтық және жергілікті заң шығару, атқару органдарының мақсатына сай әрекет етуі көзделеді, ол үшін :

- Тұрғындардың әлеуметтік қорғалуын күшейту;

- Елдің орын ауыстыруының («миграция» – латын тілінде «migration» – перемещение людей) реттеу;

- Кәсіпорындардың қарызын төлей алмау («банкрот» – кейінге қалдыру)

- Қор келуіндегі әр түрлі бағдарламаларда аймақтар мен салаларда мемлекеттік қолдауды жетілдіру.

- Меншік қатынастарын реттеу, салық, несиелік қаржы саясатындағы кіріс , шығыс есебін («бюджет» - ағылшын сөзі «budget» - сумка) реттеу.

Аймақтың экономикалық тұрақтылығын бағалау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

- Әлеуметтік (жан басына шаққандағы табыс деңгейі, тұрғындардың табыстары бойынша айырмашылықтары, жұмыссыздық мөлшері);

- Қарыз, қаржы (аймаққа қордың келуі, ақша құнсыздануы)

- Аймақтағы сату («эксперт» латын сөзі «expert» - экспорт), сатып алу («импорт» ағылшын сөзі «import» – импорт) теңдігі;

- Кіріс , шығыс (салық салу деңгейі , салықтардың жиналуы , бір елден екінші елге шет ел ақшасының ауысуы (трансферт – transfer французша transfert – передача, латынша transferre) , кіріс шығыстың қатынасы;

- Аймақтағы ақша орнының (банк – итальян сөзі banco – финансовые денежные операции), жүйелері (құрылымы, мәселелер, қарыз қорының жағдайы, қоры);

- Халық шаруашылығының жағдайы (өндіріс көлемі – экономиканың нақты бөліктерінің жағдайы).

Экономикалық тұрақтылық әр түрлі шектеулердің азаюынан туындайды, заңға шешімдерге байланысты қойылатын шектеулер төмендегідей:

- Қорлық (фонд);

- Қызмет көрсетушілер жүйесі (саны);

- Бағалық (баға шегі т.б.);

- Сыртқа экономикалық жағдайлар т.б.)

4.2. Аймақтардың дағдарыс жағдайы

Аймақтың қалыпты жағдайы бұзылып, оның көрсеткіштерінің төмендеуі дағдарысқа, тоқырау, тоқтатуға апарауы, оның экономикалық қауіп туғызатыны белгілі, соның салдарынан өндіріс нашарлап, тіпті тоқтан, әлеуметтік сала, табиғи тазалығы саяси тұрақтылық, шаруашылық өміршеңдігі бұзылады. Дағдарыс көптеген жағдайлардан туындайды, олар өндірістегі кері кетушілік, әлеуметтік саладағы теріс өзгерушілік, елдің денсаулығына қауіп туғызатын табиғаттың бұзылуы, үлкен экономикалық тоқыраудың, экономикалық және әлеуметтік дамудың, қор, жергілікті жағдайлардың ықпалы. Оған қоса төмендегілерді де атауға болады:

- халық шаруашылығының жалпы дағдарысы, нарықтық экономикаға сай келмеуінен аумақтық құрылым байланыстардың бұзылуы;

- кәсіпорындар мен салардың бәсеке қабілетінің төмендігі;

- негізгі қорлардың тозуы, олардың жаңалықтан артта қалуы;

- жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейі, тұрғындар өмірінің қиындығы, өндіріс көлеміне әсер етеді;

- экономикалық, әлеуметтік даму деңгейінің аумақ ішіндегі сәйкесінің әлсіреуі;

- ұлттың көбеюі;

- жұртқа экономикалық дамудың ішкі байланыстарға залалы т.б.

Аймақтық дағдарыс жағдайының себептері:

- халық шаруашылығының өндірісін өзгертулерге теріс қимылдар;

- тұрғындардың денсаулығының қауып төндіресін табиғи жағдайдағы қайшылықтар;

- Аймақтардың дағдарыс себептері:

- негізгі салалардағы өнім өндіру, қызмет көрсету деңгейлерінің нашар өнім өндіруі;

- жұмыссыздықтың 15% астам өсуі;

- отандық шетелдік жеке кәсіпкерлердің табиғи қорларды асыра пайдалануы;

- қаржылық қорлармен қамтамасыз етудің әлсіреуі;

- жағдай туғызу көздерінің азаюы;

- тұрғындардан шығатын әйгілі даналардың азаюы;

- өндіріс көлемінің құлдырауы, жұмыссыздардың көбейіп, запар шеккен кәсіпорындардың көбеюі;

- оралмандардың көбеюі, жергілікті халықтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайының нашарлауы;

- өлім санының туғандардан артуы, жергілікті тұрғындардың қартайып, жалпы санының азаюы;

- халық шаруашылығының тұрақсыздығы;
- өнімді сырттан алуға мәжбүрлік.

4.3. Аймақтардың дағдарыстан шығу жолдары

Аймақтардың дағдарыстан шығу жолдары:

1. Үлкен экономикалық реттеу. Экономикалық күйзелістен шығу, салалы қатынастарды қалпына келтіру, табиғи басқалары заңның негізінде салық, негізгі қорлардың тозуын есептеуі, кеден салығы, акция құны, қаржы шығыны, мемлекеттік меншік арқылы жүргізілуі.

2. Экономика бөліктерін (институт - латын institutum - мекеме, құру) жаңа шығынды кәсіпорындарды жекешелердіру, акционерлердің шығындылықтан құтқару, кәсіпкерлікті қолдың қорын қалыптастыру.

3. Мемлекеттік аумақтық реттеу.

Мемлекеттің экономикалық саласы үш бағытты қамтиды:

1. Ел байлығы (жер, қазба, қуат көздері, тасымалдау, жұмысшы күші, т.б) тиісті пайдалану.

2. Шаруашылық (өндірістің тұрақтылығы, кәсіпкер, кәсіпорындардың дамуы) кең әлеуметтік (халықтың өсуі, өмір деңгейінің жоғарылығы, саяси тұрақтылық т.б) мәселелер.

3. Сыртқы экономикалық саясат (халықаралық, мемлекетаралық қарым қатынас, дүниежүзілік тұрақты ақша-тауар қатырасының жүйесін пайдалану т.б).

Экономикалық, мемлекеттік реттеудің қағидалары («принцип» - латын сөз, «principium» - негіз):

1. Негізгі бөлігін ақшаулау (алғашқыларын анықтау) ;

2. Халық шаруашылығының басқару жүйесінің тендестік пен сәйкестендіру;

3. Шешетін мәселелердің әдістері мен жолдарын таңдау;

4. Жалпы экономикалық шешімдердің жан-жақтылығы.

Экономиканы мемлекеттік реттеу шараларын жүзеге асыру жолдары:

1. Бағдарлау, ұзақ мерзімді жоспарлау;
2. Қаржы-қаражаттың реттелуі;
3. Салықты реттеу;
4. Ақша- қоры арқылы реттеу;
5. Бағамен реттеу,
6. Кеден, баж салығымен реттеу;
7. Мөлшерлі нарық;
8. Әкімшілік құқықтық рұхсат беру арқылы реттеу;
9. Нарықтық реттеу.

Бұлардың әрқайсысының пайдалану әдістері бар. Мемлекеттік реттеудің қадағалайтын халық шаруашылығының жалпы экономикалық деңгейі.

Ол өнім өндіру, бөлу, айырбастау, ұлттық өнім кірісті тұтыну ғылымдардың бәрін қамтиды. Әсер етуіне байланысты реттеудің жайылуымен тереңдеуін айырады. Жайылуында (тарауында) төрт бағыт қарастырылады:

1. Қордың, өнімнің, кірістің айналымы;
2. Халықаралық өлшеммен ең төменгі еңбекақы;
3. Сыртқы экономикалық қатынас;
4. Аймақтардың әлеуметтік - экономикалық дауының теңдігі.

Қор мен табыстың айналымы шаруашылықтың барлық түрлерін қамтиды. Мысалы, кәсіпорын қор (шикізат) сатып алуды, өндіруді (өндеуді) шығын жұмсайды, өндірген өнім (атқаратын қызметін) сатуға ұсынады, табыс табады. Ал үй-шаруашылығымен айналысушылар өнімін сатады, көбіне атқарады (салықтарын төлеп, қалғанын өз үлеміне алады). Мұндағы кәсіпкерлердің екеуі де мемлекетке салық төлеуді, өнімдер сатып алуды, еңбегін сатады. Тереңдетуінде, жоғарлаудан төмен, керісінше қатынасты элементтік әлемде реттеу үшін мемлекет экономиканың салалық құрылымын өзгертеді.

Экономикалық даму, барлық буындармен қалыптасуымен қамтамасыз етілуі, тұрақты біріне-бірі әсер етеді. Бірінің қылығы екіншісін тежелтеді,

өміріне байланысты жалпы ұлттық саясаттағы төмендегілер; құрылымдық, әлеуметтік, ғылыми- техникалық, саяси, аймақтық саясат, қаржы, қарыз-ақша қатынасы, сыртқы экономика және басқа қатынастар. Сондықтан адамның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы бағыттағы шаралар жиынтығын жоспарлайды, атап айтсақ табиғат тазалығы, азық-түлік, жұмысбастылық, білім беру, хабардар ету, мәдениет, денсаулық сақтау, тұрғын үй қызметі, арнайы табыс, зейнетақымен қамту, жеке жинағын қорғау. Келесі тарауларда бұлардың кейбіреулері баяндалады.

6.3 Табиғат қауіпсіздігі

Табиғат, қоршаған орта-нәзік теңестірілген жүйе. Бір бөлігінің бұзылуы екіншісінің қалпына келместей бұзылуына апарады.

Адамға табиғаттың қауіпі көптеген жер шарын қамтитын себептерден тұрады, атап айтсақ халықтың тарауы, жер қыртысының бұзылуы, орманның сиреуі, тұщы су, ауаның ластануы, радиоактивті ластану. Келтірілген қауіптер экономикалық қиыншылыққа апарады. Табиғат тазалығын сақтау үшін экономикалық шаралармен қоса басқару әдістерін пайдалану керек. Мысалы сыртқы әсерлерді қалыпқа келтіру, атап айтсақ, радиоактив көздерімен жұмыс істеу, зиянды өндірістер, тағы басқалары. Бұл орайда қауіптен сақтайтын табиғат өлшемдерін пайдалануды айтуға болады. Мемлекет орындарының міндеті жеке адамдардың құқығындағы денсаулықты сақтау, мәдениетті өмір сүріп, таза қоршаған ортаны пайдалануды заң жүзінде қорғау. Қоршаған ортаны сақтаудың құқықтық реттеуінің жүйесі келесі үлгіде көрсетіледі.



Мұндай үлгі қоршаған ортамен қатынаста жалпы реттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Жапонияда қоршаған ортаны сақтауға арналған заңда «қоғай» деген сөз кіргізілген, онда адам денсаулығы мен қоршаған ортаға өндірістік немесе кез-келген адамға, суға, жер қыртысына ықпал жасаған жер сілкінісі, жердің отыруы, жаман иістен болған зиянды анықтап, қорғайды.

Заң қоршаған ортаны сақтауға байланысты мемлекеттің арнайы міндетін көрсетеді, онда сапа мөлшерлері, жағдайларды қарап, сақтауын ұйымдастыру, адамдардың, кәсіпорындардың, жергілікті басқару орындарының міндеттері жазылады.

Жалпы **үкімет** орындарының жұмысы төмендегідей задармен **реттелуі** тиіс.

- бағынышты бөлімдердің құрылымы;
- табиғат ауасын сақтау;
- су көздерін сақтау;
- жер қыртысын ластаумен күрес;
- шуды реттеу;
- жердің отыруымен күрес;
- табиғатты қорғау;
- табиғат қорғау шығыны, қаржылай көмек шаралары.

Адамның табиғат тазалығын сақтау үшін оның өлшемдері келтірілген. Оны сақтауда жеті бұзылысқа көңіл аудару керек, олар: ауаның ластануы, жер қыртысы мен су, шу, сілкініс, қоқыс иіс, жердің отыруы. Өмір сүрудегі үш орта: табиғи табиғат, жайлылық, табиғатқа әсер ету үнемі бақылауда болуы керек.

Табиғаттың тазалық мөлшері мен қолайлылығын үкімет пен жергілікті басқару орындары анықтайды. Мысал ретінде Жапонияның суға төгілетін ластығын көрсетуге болады.

Күрделі қоспалар(мг/л)	Ұлттық мөлшер	Канагава қаласының мөлшері
Оттегінің өмірлік қажеттілігі	180	20
Оттегінің химиялық қажеттілігі	160	20
Қатты заттар	200	50
фенол	5	0,005
Фосфор	15	0,5

Парижда 1977жылы шыққан Жапон экономикасының мәліметі

Рұқсат етілетін мөлшері екі жылда бір қаралып, қатаң талаптарға сай корсетіліп (кемітіп), отырады.

Қоршаған ортаны сақтау топталған жүйе бойынша бақыланады. Ол автоматты түрде жағдайлар мен өзгерістерді бақылап отырады. Сонымен, қажетті мәліметтер жиналып, зерттеліп, жаңа өлшемдер жасалып, ластануға қарсы шаралар жоспарланады. Мемлекет, кәсіпорын, жергілікті орындардың бәрінде бақылау қызметі жүргізіледі. Дүние жүзі елдерінің көптерінде ХХІ ғасырда адам, табиғат, өндірістердің қалыптасуына арналған жаңа міндеттер қойылуда. Сонымен, қорыта айтқанда, адамға табиғат қауіптері талданып, отанның, шеттің оңды нәтижелері пайдаланылып, кеңейтілген бағдарламалар мен шаралар жасаудың маңызы зор.

6.4. Азық-түлік қауіпсіздігі

Дүниежүзінде азық-түлік қауіпсіздігі сұрақтарына үнемі маңыз беріліп отырады. Оның мысалы ретінде, Римде, басқа жерлерде 130 дан астам елдердің бас қосқан жиындарын айтуға болады. Ондағы басты мәселе «Жер шарының тұрғындарын қалай тамақтандырамыз?», оған қоса нашар елдердегі аштықтан қайтыс болатын миллиондаған адамдарға дамыған елдерден қандай көмек көрсете алатындықтары шешіледі.

Адамдардың экономикалық қауіпсіздігінің азық-түлік жағдайы ауыл шаруашылығына байланысты.

Одақ тарағаннан кейін көптеген себептерге байланысты ауылшаруашылығы күйзеліске ұшырады. Оның бастыларын айтсақ, кәсіпорын арасындағы байланыстың үзілуі, жекешелендіру, халықтың нарық қатынасын білмеуі, мемлекеттің өз ақшасының болмауы, сыртқы қатынастың тоқтауы, бағаның қымбаттауы тағы басқалар. Ауыл шаруашылығының басқа салалармен, сыртқы қарым-қатынасының бұзылуынан өндірілген өнімдегі сұраныс пен ұсыныс тоқтады, халықтың көші-қоны көбейді. Ауылшаруашылығының маңызына мән берілмей, саясатта да кемшіліктер орын алды. Ресейдің әдебиеттерінде қамсыздандырудың деңгейі мен ең төменгі тамақтану келтірілген: ет және оның өнімдері 84-42 кг, сүт, оның өнімдері 406-184, балық, оның өнімдері, 18,2 - жұмыртқа 292-183 дана, қант 40-24,8, өсімдік майы 9-10, жас жеміс 113-11, көкөніс 148-40, картофель 97-146 нан, оның тағамдары 110-178,7. Осы өнімдер бойынша қамсыздандыру деңгейі келтірілген, олар 66,73,64,86,78,78,26,49,131,113 %. Бір сөзбен айтқанда нан мен картошка жеген. Осыған ұқсас жағдай Қазақстанда да болған. Ауыл тұрғындары жекешелендіруден алған малынан бір қойды бір қорап сигарет, бір сабынға айырбастағанды көргендер бүгінгі таңда бар.

Дамыған елдерде өзін азықпен қамтамасыз ету салыстырмасы (коэффициенті) шығарылады. Бұл елдегі өндірілген және ішіп - жеген ауылшаруашылығы өнімдерінің құнының қатынасын көрсетеді. Мұндай салыстыру ауыл шаруашылығының әрбір өнімі бойынша өзгеріссіз бағамен жүргізіледі. Мал шаруашылығы өнімдерінде ел ішінде жасалған қосымша құнмен есептеледі. Жалпы түрде бұл өрнек төмендегідей:

$$K_c = \frac{\sum [(P_r \times \Pi) - (K_k \times \Pi_k)]}{\sum [(P_{от} \times X_{\Pi}) - (K_k \times \Pi_k)]} \times 100$$

Мұндағы:

K_c – өзін қамтамасыз ету салыстырмасы;

P_r – ауыл шаруашылығы жеке өнімдерінің өндіруі;

I_1 – өнімнің көтерме бағасының салыстыру мерзіміндегісіне қатысы;

K_k – мал азығының көлемі;

$I_{ц}$ – мал азығының көтерме бағасының қатысы;

$P_{от}$ – пайдаланылған азық мөлшері.

Қамтамасыз ету салыстырмасының теңдеуіне әсер ететін жағдайлар:

Сұраныстың өсуі;

Тұрғындардың өсуі;

Тұрғындар басына тұтынудың өсуі;

Әр түрлі өсімдіктердегі қажеттіліктің теңсіздігі, осыдан шығымдылық өсу қарқынының төмендеуі, кейбір өнімдерде жалпы көлемінің азаюы;

Өңделетін жердің үнемі қысқаруынан өнім өсуінің қарқынының жетімсіздігі (жерді жолға, өндіріс орындарына, тұрғын үй салуға пайдалану);

Өңделген жерді жұмыс күші жетіспегендіктен пайдалану еселігінің төмендеуі;

Арзан тамақ тасып әкелу;

Әртүрлі ауылшаруашылығы өсімдіктерінің шығымдылық деңгейінің өсу қарқынының баяулауы;

Химияны көп пайдаланғандықтан жердің құнарлылығының төмендеуі.

Дүниежүзіндегі азық-түлік өсімінің халық өсімінен қалыс қалғандығынан сатып алушы елдерге қауіп күшейеді. Сондықтан парасатты мемлекет саясаты азық-түлікпен қамтамасыз етудің жолдарын қарастыру керек. Аздаған іркілістің өзі елдегі азаматтардың өмір қауіпсіздігіне әсерін тигізеді. Ауыл шаруашылығы өндірісінің мүмкіндігі (жұмысшы күші, өңделген жер, тұқым) азық түлікпен ішкі қорлар арқылды қамтамасыз етуінің кепілі болуға тиіс. Керек болған жағдайда жылдам пайдаланып, тығырықтан шығуға мүмкіндік беруге дайын тұруы тиіс. Оған қоса әр жанұяда жергілікті орындарда, ауыл шаруашылығы тамақ өндіретін орындарда мемлекет деңгейінде сақтық қорлар болуға тиіс. Дамыған елдер бұл жұмысты үнемі естен шығармай орындап, сақтау уақыты өткен азықтарын қиыншылыққа душар болған елдерге арзан бағамен сатып, әлеуметтік көмек

ретінде тегін таратып, жалған болса да абырой алып жүргендеріне мысалдар келтіруге болады. Азық-түлік қауіпсіздігін ойластырудың тағы бір жолы үкіметтің хабардарлық жұмысын дер уақытында жүргізіп ішкі және сыртқы нарықтағы сұраныс пен ұсынысты зерттеп, жариялап отыруы, соған байланысты шараларды іске асыруы.

6.5. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Адамның өмірін жақсартудың негізі еңбекте. Еңбектің нәтижелі болуы оған адамның өзін дайындауы. Бұл біріншіден ата ананың тәрбиесі, оқытып таңдаған мамандығын алуына көмектесуі, өскен ортасы, жұмыс істеген жері, қоғам, мемлекеттің жағдай туғызуы. Сонымен адамды еңбекке дайындау күрделі, көп сатылы кезең. Ғұламалардың айтуынша адам өмірден кеткенінше үйреніп, оны керегіне жаратуы керек дейді, ол өмірден алынған шындық.

Экономикалық қауіпсіздіктің еңбек негізі болатындығы табыс табатындығында. Еңбектегі дене және ми қасиеттерінің жиынтығы ретіндегі жұмыс күшінің сапасы еңбекке қабілетті тұрғындардың сапасы мен тікелей байланысты. Жұмыс күшінің сапасы жалпы және технологиялық сауаттылығын, кадрлардың кәсіби дайыдығын, еңбек қорының еңбекпен қамтылуын құрайды. Тұрғындардың өмірінің сапасы мен деңгейі, адамдардың денсаулық жағдайы, өмір ұзақтығы бірімен бірі байланысты.

Жұмыс күшінің сапасының материалдық негізі – ІЖӨ (ішкі жалпы өнім), оның ішінде тұтыну қорының көлемі.

Тұрғындардың өмір сапасы мен деңгейін айыратын жағдайлар:

- еңбек ақы төлеудегі айырмашылықтар(жалданбалы еңбек пен кәсіпкерлік қызметтер арасында, аймақтарда, салаларда, жұмысшылар мен басшыларда, кәсіпорындарда);

- ашық және бүркенбелі жұмыссыздық;

- еңбек ақылар мен оны аударудың («трансферт» - ағылшын сөзі «transfer», француз сөзі «transfert» - передача, латын сөзінен «transferte» - переносить, переводить) кешіктірілуі немесе төлемей;

- табыс көздері ретіндегі жеке меншік дүниесі;

- көлеңкелі табыстар және айырбастау арқылы төлеу;

Еңбектің төмен бағалануы немесе бағаланбауы тұрғындарды көшуге (миграция-латын сөзі migratio-перенаселение) мәжбүр етеді.

Мамандар мен студенттердің тұрағын ауыстыруы ежелгі құбылыс

Антикалық дәуірде философтар мен математиктер шет елдерге білім алу үшін барған. 20 шы ғасырдың ортасынан бастап дамып жатқан елдерге «милар кетуі», басқа елдерден ғалымдар мен мамандардың ауа кетуі оларға елеулі зиян келтірді. Қазіргі кезде шамамен 175 млн адам өздерінің отандары болып табылмайтын елдерде тұрып жатыр. Шет ел асқандар саны өсіп келеді, 1970 жылдан бастап ол екі еседен артқан екен. Оның екі себебі бар, негізгісі өз елінде өмір сүрудің қиындығы, ашаршылық, соғыс зардабы, екіншісі білім мен жақсы жұмыс қуып кететіндер, олар аз, бірақ сапалы жұмыс күштері.

Ішкі ауысу белгілі бір аймақтағы жұмыс күшінің саны мен сапасын өзгертсе де, жалпы мемлекеттегі жағдай сақталады.

Сыртқы ауысу отанына зиян, барған жеріне жұмысшы ретінде оң нәтиже береді. Сапалы білімділердің шет елге кетуінің зияны төмендегідей:

Ел экономикасы төмендейді;

Отандық ғылыми жетістіктер мен олардың зерттеу нәтижелерін шет ел пайдаланады;

Елдегі ғылыми әлеует қысқарады;

Ғалымдардың орташа жасы жоғарылап, орнын басушылар азаяды

Әлеуметтік экономикалық мәселелерді зерттеудің нәтижесі төмендегілерді көрсетеді:

Тұрғындардың орташа жасы жоғарылайды, сыртқа көбінесе жастар кетеді;

Экономикалық белсенді тұрғындарды пайдалану азаяды;
Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі сақталады;
Ғалымдар мен жоғары деңгейдегі мамандардың шетелге кетуі көбейген;
Көптеген жұмыс мамандықтары бойынша кадрлардың жетіспеуі;
Коммерциялық негізде мамандарды дайындау сапасының төмендеуі;
Кедей адамдардың үлесінің көп болуы;
Ауру үлесінің көп болуы;
Мүгедектер санының артуы;
Өзін-өзі өлтіру деңгейінің жоғары болуы.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шаралар қолдану керек:

Адамдардың , әсіресе балалардың денсаулығын көтеру, орташа жасты көбейту, әсіресе ер адамдар бойынша;

Экономикалық, әлеуметтік, табиғатты қорғау туралы заңдарды шығарып, қабылдау;

Кәсіпкерліктің түрлері мен орындарын көбейтіп, халықты еңбекпен қамтып, оларға жағдайлар жасау;

Кедейшілік деңгейін төмендету үшін ақшадай көмек (субсидия- латын сөзі- помощь, поддержка) пен жеңілдіктер беру;

Ғалымдар мен біліктілігі жоғары мамандардың еңбекақысын көтеру;

Жұмысшыларға кәсіби білім беру жүйесін көбейту;

Жоғары оқу орындарын кадрлар қажеттілігіне сай анықтау;

«Милар кетуі» мәселесін мемлекеттің алдыңғы қатарлы саясатына қою;

«Милар кетуін» тоқтату үшін әлеуметтік, экономикалық, заң, ұйымдастырушылық шараларын күшейтіп, ғаламдық, халықаралық тәжірибелерді пайдалану;

Ғылыми техникалық мамандардың ауысуын қадағалап, бағдарламалар жасау;

Ғылыми зерттеулер мен өндірістік тапсырмаларды орындауға шетелден тапсырыстар қабылдап, халықаралық қатынасты күшейтіп, тұрақтандыру.

Еңбек қауіпсіздігі туралы айтқандағы үлкен мәселенің бірі жұмыстағы жағдай. Әр кәсіпорын жұмысқа қабылдағанда адамдармен келісім шарттар жасап, ондағы оның міндеті, жұмыс істеу реті, шарттары (басталуы, үзіліс уақыты, аяқталуы, ұзақтығы, қауіптерден сақтану т.б.) туралы түсіндіріп, арнайы ашылатын құжаттарға(дәптер, журнал) күнін көрсетіп, қол қойдырады. Осылардың негізінде жұмыста болған апаттардың зардабы анықталып, жауаптылар көрсетіліп, оларға шара қолданылады. Жұмыс атқарушылардың көрген мехнаты айқындалып, денсулығына келген зиянды қалпына келтіру шаралары жүргізіледі. Мұның негізі заңда көрсетіліп, сол арқылы зардап шеккендерге арнайы төлемдер мен жағдайлар жасалады. Еңбек қауіпсіздігінің күн тәртібінен түспейтін сұрағы жұмыссыздық, ол еңбек ұсынысының сұранысынан артуы, олардың өзара қатынасы, еңбекпен қамту деңгейін көрсетеді. Еңбекақы қанағаттандырылмағандықтан бос жүргендер - еркін жұмыссыздықтағылар, жақсы орын іздегендер табиғи жұмыссыздыққа жатады. Батыс есептеуінде 16 жастан асқандар 4 топқа бөлінеді:

- 1.Еңбекпен қамтылғандар, ауру, демалыстағыларды қоса;
- 2.Жұмыссыздар, оны белсене іздегендер,
- 3.Экономикалық белсенді емес тұрғындар (үй шаруасындағы, зейнеткер, денсаулығы жарамсыздар кіреді);

4.Экономикалық белсенді жұмыссыз тұрғындар.

Жұмыссыздық деңгейі-жұмыссыздардың барлық жұмысшыларға қатынасы.

Жұмыссыздықтың үш түрін ажыратады:

1.Жіктелгендер (жұмыс ауыстыру, оқу оқу, бала тәрбиелеумен шұғылданып жұмыс ітейтіндер)

2.Құрылымдық

3.Сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі (конъюктура-латын сөзі связывать), қайталау кезеңі (цикл, грек сөзі-круг);

Жіктелгендер өмірдің әр кезеңінде, мысалы бір жерден екінші жерге, бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқанда, қолайлы жұмыс іздегенде, бала тәрбиесін, оқу оқығанда болады.

Құрылымдық - кәсіпорын өзгерісінде әр түрлі жұмыстарға қажетті жұмысшылар саны өзгергенде(бірінде қосымша қажеттілік, екіншісінде қысқарту болғанда) пайда болады. Қайта оқыту, біліктілікті артырумен байланысты.

Кезеңдік - жиынтық шығындар мен өнім шығару қысқартылған кезде орын қысқарып, жұмыс табылмайды.

Жұмыссыздықтың 1-2 түрі еңбек нарығы теңдескенде, ал үшіншісі теңсіздік жағдайында пайда болады.

Жұмыссыздықты өлшеудің екі әдісі бар, бірі әкімшілік есептеу, екіншісі жалпы ұлттық іріктеу зерттеулері.

6.6. Демографиялық қауіпсіздік

Адамның экономикалық қауіпсіздігінің бір бөлігі өсіп-өнуге байланысты, еңбек етушілердің өзгеріп, елін қамтамасыз етуіне байланысты. Сондықтан адам өсуіне әсер ететін мәселелерді үнемі бақылап отыру қажет, ол үшін белгілі көрсеткіштерді шығарады:

- Туу деңгейі;
- Адам өлімі;
- Жастық, жыныстық құрылымы;
- Еңбек жасындағы тұрғындар үлесі, олардың еңбекпен қамтылу деңгейі;
- Еңбекке қабілетті жастағы білім берушілік, кәсіби біліктілік деңгейі;
- Аумақтық орналасуы.

Жалпы тұрғындарды бағалауға елдің саны, жұмыс атқаруға байланысты құрамы, ауысуы сияқты көрсеткіштермен сипатталады. Сандық анықтамаларда: жалпы саны, табиғи өсім қарқыны, өмір ұзақтығы, еңбекке қабілеттілердің үлесі, жыныстық, жастық құрамдар қолданылады.

Тұрғындарды сандық сипаттаудың маңызды көрсеткіштері: экономикалық белсенді бөлігінің саны, еңбекпен қамтылу деңгейі, қоғамның

еңбекке қабілетті бөлігінің пайдалану үлесі, еңбек мерзімінің ұзақтығы. Әлеуметтік-экономикалық және қорғаныс мәселелерін шешуде елдің мүмкіндігі еңбекпен қамтылатын адамдар саны мен үлесіне байланысты.

Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі көрсеткіштерді ескеру керек:

- тұрғындардың жыныстық, жастық құрамы;
- ер, әйел адамдардың саны;
- жастық топтағы саны.

Ерлер тобында 17-34 жас аралығындағыларға басты назар аударылады, себебі олар әскерге шақырылады. Туу деңгейінің төмендеуі әскер қатарының толықпауына апарды. 17-24 жастағы әскерге жарамдылар қарулы күштердің саны мен құрамын толықтыруға мүмкіндік береді.

Тұрғындар сапасы өндірісте жұмыс істейтін жұмысшылардың белсенділігімен, еңбек өнімділігімен, техника, технологияларды меңгеру қабілетімен, алдыңғы қатарлы тәсілдерді енгізумен байланысты. Жұмысшылардың білімі мен арнайы дайындығы біліктілік деңгейін, еңбек өнімділігін, жұмыс сапасын арттыруда маңызды орын алады. Еңбек қорларының өзгерісі келесі мәселелерге байланысты:

- Жасы, денсаулығы, еңбекке араласуы, шығуы;
- Жұмыстағы ауысуы, оқуға түсуі, әскерге шақыртылуы;
- Сала ішінде басқа салаға ауысуы;
- Кәсіби біліктілігіне қарай ауысуы;
- Көші-қон, еңбек саласы мен түрін ауыстыру.

Елдің өсіп-өну жағдайы саясатқа байланысты, оның өзгерісі әлеуметтік-экономикалық мәселелермен біртұтас.

6.7. Білім алудағы, әлеуметтік жағдайлар туғызудағы адамның қауіпсіздігі

Ел экономикасындағы күйзелістен шығып, оның қауіпсіздігін туғызу үшін білім алу саласының дамуы мен шараларын іске асыру арқылы жоғарғы білімдік бәсекелестікке шыдамды мамандар даярлау керек. Бұл орайда азаматтардың орта және жоғары білім алуына құқығын қамтамасыз ету қажет. Оны орындауда мемлекеттің міндеті ерекше. Қазірде елде екі түрлі білім алу жолы жүріп жатыр, бірі мемлекеттік, екіншісі жекеменшік оқу орындарында.

Батыс елдерінің көбінде арнайы білім алуға ішкі ұлттық өнімнің 5 пайыздан астамы, мемлекеттік шығынның 10 пайыздан астамы жұмсалады. Дамыған елдердің арасында бірінші орында АҚШ, бірақ мемлекеттің білім алуға бөлетін қаражаты, бір оқушыға бөлетін шығыны жөнінен бірінші орынды Швеция иеленеді. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының өзінде мемлекеттің білім алуға бөлген шығыны барлық шығыннан Францияда 18 пайыз, Канадада 15,4 пайыз, Бельгияда 15,2 пайыз, Данияда 14,5 пайыз, Испанияда 13,3 пайыз, Финляндияда 12,9 пайыз, Ұлыбританияда 11,3 пайыз, Германияда 9,2 пайыз, Италияда 8,6 пайыз болған. Кейінге кезде мамандар даярлап, ғылыми зерттеулер мен ұсыныстар, жобалар жасауға Канада, АҚШ, Франция, Германия сияқты елдерде жергілікті қаржыларды бөлу көбейіп келеді. Оқымыстыларды жинастырып, ғылымды дамыту университеттерде жүргізілуде. АҚШ та 60 пайызы, Жапонияда 54,9 пайызы, Германияда 53,7 пайыз, Францияда 90 пайыз, Ұлыбританияда 95 пайызы. Ғылымның жинақталған.

АҚШ сияқты дамыған елдерде студенттерге мемлекеттік көмек көрсету кеңеюде, оның түрлері төмендегідей:

1. Қаржының көп болігі жергілікті бағдарламалар арқылы беріледі;
2. АҚШ тың білім беру министрлігі жергілікті көмек көрсетуді үйлестіріп, бақылайды;

3. Студенттерге жергілікті, аймақтық оқу орындарының қаржыларынан бөлінеді;

4. Жергілікті жердің көмек түрлері:

а) тегін көмек, РМ granta

б) студенттерге міндетті түрде қарыз беру;

в) жергілікті орынның қарызы;

г) жергілікті орынның стипендиясы;

д) қоғамдық жұмысқа тарту нәтижесі бойынша оқу төлемінің бөлігін жабу;

е) басқадай түрлері

5. Жергілікті орындар мен облыстардың көмегі, олардың үлесі көбеюде.

6. Жоғарғы оқу орындарының көмегі:

а) тегін көмек;

б) әртүрлі қаржылық көмек;

в) өз оқу бітірушілерінің жергілікті орындардағы қарызын жабу.

Францияда студенттерді мемлекеттік қолдау әртүрлі әдістермен жүргізіледі. Мемлекеттік жеңілдік алатын университеттердің қорынан тікелей қолдау беріледі. Ол студенттерге берілетін стипендия сияқты Ғылыми жұмыс жүргізетін адамдарға мемлекет ақшалай қолдау жасап, зерттеудегі ерекшеленген студенттерге стипендия төлейді. Мемлекет жас мамандарды жұмысқа орналастыру бағдарламасына кіргізеді.

Студенттерді қолдау саясаты Германияда да жүргізіледі. Жоғары білім берудің 110 жылға арналған бағдарламасын кең көлемде қаржыландыру туралы шешім қабылдаған. Ізденіш жас ғалымдарға 4млрд марок стипендия бөлінген. Жанұя жағдайы төмендіктен оқудан бас тартуға мәжбүр болған жастарға 700млрд марок бөлінген. Студенттердің тұрғын үйіне 800млн марк бөлінген.

Хабардарлықты қамтамасыз етудің де маңызы бар, ол өмірге қажетті мәліметтерді дер уақытында алу, оның шындыққа сәйкестігі. Бұлардың бәрі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты.

Адамның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекет әрбір адамның өміріне байланысты мәселелерді қарастырады. Жоғарыдағы айтылғандарға қоса нақты табыс, дәрігерлік қызмет көрсету, мәдениет, тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрмыс жағдайы, зейнеткерлік өтем, жеке сақтық қор, оны сақтау сияқтылар экономикалық қауіпсіздікке әсер етеді. Әлеуметтік саланы жөнге келтіру үшін мемлекет тарапынан әкімшілік шаралар жүргізілуі тиіс, олар:

- Ұлттық және аймақтық ерекшеліктеріне байланысты төменгі тұтыну қаражатының көлемін анықтау, жергілікті орындарға беру;

- Бөліктік және аймақтық деңгейде кәсіподақ, жұмыс берушілер мен жергілікті орындаушы басқармалар арасындағы келісілген төменгі күн көру мөлшеріне сәйкес төменгі еңбек ақы, зейнетақы, стипендия, жәрдем ақы белгілеу, бағаның өзгерісіне байланысты анықтау;

- Ақша құнсыздануы, жоғарылағанда күнкөріс деңгейін тоқсаннан ай сайынғы сәйкестендіру енгізіп, бағаның өсуін ескеріп, ақша төлемін жүргізу;

- Жекеден алынатын салықты әл-ахуалына сай кедейлерден төмен, байлардан жоғары деңгейде алу керек;

- Атақтап бөлінетін әлеуметтік көмекті тең етпей, өте мұқтаждарға көбірек беру жөн, ол үшін табысын есептеп, арызына байланысты бөлуді жөнге келтіру, онымен шұғылданатын орындарды белгілеп, күнкөріс деңгейінің орташа табыстан айырмашылығын есептеу қажет;

- Мәдени орындарға бөлінетін қаржылық қолдауды (дотация- латын сөзі dotatio - дар, пожертвование) көбейту;

- Жеке мен тұрғындардың қажеттілігіне байланысты денсаулық сақтауды қаржыландыру;

- Тұрғындардың тұрғынүй қажеттілігін қамтамасыз ету;

- Азаматтардың жинақ (сақтық) қорын берік ұстайтын жүйе құру.

Пысықтау сұрақтары:

1. Адам өміріндегі қауіп себептері.
2. Қауіптен қорғану кезеңі.
3. Қауіптің келер жері.
4. А.Смитт, Д.Рикардоның адам туралы пікірі.
5. ХХ ғасырдың аяғындағы адам маңызы туралы тұжырым.
6. Ұлттық байлық түсінігі.
7. «Адам дамуы» сөзінің пайда болуы, мағынасы.
8. Адам дамуы бостандығының төрт қағидасы.
9. Адам амуындағы басты не?
10. Дамудың кері жағдайлары.
11. Өмір деңгейін, сапасын анықтау.
12. Адамның экономикалық қауіпсіздігі деген не?
13. Адам экономикалық қауіпсіздігінің құқықтық негіздері.
14. Адам экономикалық қауіпсіздігіндегі мемлекеттің қызметі.
15. Ұлттық саясаттағы адам өміріне байланысты мәселелер.
16. Қоршаған ортаны сақтаудағы құқықтық реттеу.
17. Үкімет орындарының жұмысындағы заңдар.
18. Табиғат тазалығының көрсеткіштері.
19. Жапонияның су ластығын айыру көрсеткіштері
20. Қоршаған ортаны сақтау жүйесі.
21. Азық-түлік қауіпсіздігінің маңызы.
22. Ауыл шаруашылығындағы күйзеліс себептері.
23. Қамсыздандыру деңгейі мен ең төменгі тамақтандыру көрсеткіштері.
24. Өзін тамақпен қамтамасыз ету нобайы (формула).
25. Қамтамасыз ету теңдеуіне әсер ететін жағдайлар (1-5)
26. Қамтамасыз ету теңдеуіне әсер ететін жағдайлар (6-9)
27. Азық-түлікпен қамтамасыз етудегі мемлекет саясаты.
28. Қауіпсіздік жағдайындағы хабардарлық маңызы.
29. Адам қауіпсіздігіндегі еңбектің орны.

30. Тұрғындардың өмір сапасы мен деңгейін айыратын жағдайлар.
31. Еңбекке байланысты көші-қон.
32. Шет елге көшу мысалдары.
33. Тұрғындардың шет елге көшуінің зияны.
34. Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің көрсеткіштері(1-5).
35. Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің көрсеткіштері(6-10).
36. Экономикалық қауіпсіздік шаралары(1-5).
37. Экономикалық қауіпсіздік шаралары(6-11).
38. Еңбек қауіпсіздігіне ықпал ететін жұмыстағы жағдайлар.
39. Жұмыссыздық түрлеріне сипаттама беріңіз.
40. Батыс есептеуіндегі адамдар тобы.
41. Жұмыссыздық деңгейі, оның үш түрі.
42. Демография, экономикаға әсері.
43. Адам өсуінің көрсеткіштері.
44. Тұрғындардың сандық сипаттауының көрсеткіштері
45. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету көрсеткіштері.
46. Тұрғындар сапасына әсер ететін мәселелер.
47. Еңбек қорының өзгерісіне ықпал жасайтын жағдайлар.
48. Адам өмірінің қауіпсіздігіндегі білім алу.
49. Білім алудағы Батыс елдерінің мемлекет саясаты.
50. АҚШтың студенттерге көмек көрсету тәжірибесі.
51. Францияның студенттерге көмек көрсету тәжірибесі.
52. Германияның студенттерге көмек көрсету тәжірибесі.
53. Әлеуметтік саланы жөнге келтірудегі әкімшілік шаралар (1-4).
54. Әлеуметтік саланы жөнге келтірудегі әкімшілік шаралар (5-9).

Қазақшаланған шет ел сөздері

- Классификация - латын сөзі *classik*-бөлік, *facare*-делать-бөліктерге бөлу;
Технология-грек сөзі *techne*-искусство, *logos*-слово, ученые-өндіру әдісі;
Информация-латын сөзі *information*-осведомлять, хабардар болу;
Макроэкономика-грек сөзі *macro*-большой, *oikos*-хозяйство, *nomos*-правило, закон-үлкен экономика;
Патент-латын сөзі *litteral patentes*-грамота, *patens*-открытия-жаңалық ашушының иесі;
Микроэкономика-грек сөзі *micro*-малый-кіші;
Техника-грек сөзі *techne*-искусство, совокупность техники, навыков и приемов деятельности-әдістемелік;
Инфраструктура-латын сөзінен *infra*-под структура-сала, кәсіпорындар мен ұйымдардың бірігіп өндіріс, тауар айналымымен, өмір сүруге қызмет етуі, құрылымға кірушілер;
Мониторинг - латын сөзі *monitor*-напоминающий, надзирающий, непрерывный, қадағалау;
Сетапаратиза-ағылшын сөзі *separatus*-отдельный, жеке шешуі;
Депрессия-латын сөзі *depressio*-подавление, басу, тоқырау;
Реципиент- латын сөзі *recipiens*- получающий, принимающий- қабылдаушы;
Донор – беруші;
Банкрот – итальян сөзі *vancorotto*- несостоятельный должник- төлей алмаушы;
Миграция – латын сөзі *migratio*-перемещение людей-жұрттың аууы;
Бюджет – ағылшын сөзі *budget*-сумка-қаржы;
Экспорт-латын сөзі *exporto* - вывожу-шығару;
Импорт-ағылшын сөзі *import*, латынша *importare*-вводить-кіргізу;
Трансферт-ағылшын сөзі *transfer*, французша *transfert*-передача, латынша *transfere*- переносить, перевозить, -ақшаның ауысуы;
Банк- итальян сөзі *banco*-скамья-ақша орны;
Экология-грек сөзі *oikos*-дом, жилище, местопребывания, *logos*-оқу, взаимоотношение человека с природой, табиғатпен байланыс;
Институт-латын сөзі *institutum*-установление, учереждение, формирование новых, устранение старых, ескінің орнына жаңасын құру, жақсарту;
Санация-латын сөзі *sanatio*-лечение, оздоровление-шығындардан құтқару;
Принцип-латын сөзі *principium*-основа, негіз, қағида;
Монополизм-грек сөзі *mono*- жалғыз, *polio*-сатамын-басымшылық;
Автономия-грек сөзі *autos*-сам, *nomos*-закон, самоуправление, жалғыз немесе жартылай ұлттық негізде құрылған;
Компромисс-латын сөзі *compromissum*-соглашение на основе взаимных установок, келісімге келу;
Ассоциация-латын сөзі *associatio*-қосылу;

Субсидия-латын сөзі subciutum-табыс,жәрдем ақы;
Дотация-латын сөзі dotatio-дар,пожертвование, кіріс бөлігін қию;
Паритет-латын сөзі paritos-равенство-әділ;
Федерация-латын сөзі federatio-одақпен нығаю;
Унитарный-аздаған еркіндік беру;
Рентабельділік-неміс сөзі rentabel-доходный-табысты;
Дебитор-латын сөзі debitor-денежный,имущественный
задолженность,ақшалай дүниедей қарыз алу
Акция –голланд сөзі actic,неміс сөзі aktic-құнды қағаз;
Брокер-ағылшын сөзі broker-құнды қағаз сатып алуға қатысушы;
Маклер-неміс сөзі makler-сауданы келістіретін адам;
Дилер-ағылшын сөзі dealer-өз атынан,есебінен сатып алуға қатысу;
Компьютер-латын сөзі computare-считать-есептеу;
Актив-латын сөзі activus-действительный,совокупность имущества и
денежных средств,кәсіпорынның дүниесі мен ақшалай құралдары,құнды
қағаз;
Маркетинг-ағылшын сөзі market-рынок,сбыт-нарық,өткізу;
Стандарт-ағылшын сөзі standart-норма,образец-өлшем,үлгі;
Сервис-ағылшын сөзі service-служба-қызмет көрсету;
Утилизация-латын сөзі utilis-полезный,қолданылатын қалдықтар;
Имидж-ағылшын сөзі image-репутация-атаққа шығу,абырой;
Интегральный – латын сөзі integer – целый, топ көрсеткіштерінің сапа,
сипатының экономика көрсеткіштеріне қатысы
Корпорация-латын сөзі corporatio-объединение,топтасу;
Эмиссия-латын сөзі emissio-выпуск,құнды қағаз шығару;
Контракт-латын сөзі contractus-заңды келісім;
Кодекс-латын сөзі codex-книга,закондательный акт, басқару заңы;
Акт-латын сөзі actus-действие-арнайы құжат;
Устав-кәсіпорын тәртібі;
Криптограмма-күпия жазу;
Лицензия-латын сөзі litentia-право,разрешение-рұқсат беру құқығы;
Блокада-ағылшын сөзі blocada-осада, изоляция - бөлектеу;
Юрисдикция-латын сөзі juristiccio-суд,судопроизводство-заңды әрекет
ету;
Санкция-латын сөзі sanctio-строжайшее постановление, меры воздействия
нарушителям закона, тоқтату, заңды әрекет;
Таможня-түрік сөзі тамга,тамга-шекара тексеруі;
Национализация-француз сөзі,ағылшын сөзі nationalisation-мемлекет
мүлкіне айналу;
Фиск-латын сөзі fiscus-государственная казна-үкімет қаржысы;
Картотека-грек сөзі theke - вместилище, ящик - есептеулер
жиынтығындағы қатты қағаз;
Арбитраж-француз сөзі arbitrage-дауды шешуші;
Институциональные - латын сөзі institutio-наставление, указание,
регулирование отдельных спор, отношении-бөлімді,қарым-қатынасты реттеу;

Концепция-латын сөзі conceptio-генеральный замысел-басты түсінік,ой;
Эксперимент-латын сөзі experimentum-проба,опыт-тәжірибе;
Параметр-грек сөзі parametion-отмеривающий-өлшемдер;
Администрация – латын сөзі administratio управление, руководство,
басқару орны
Демография-грек сөзі demos-народ,grapho-пишу-халық саны;
Конъюктура-латын сөзі-связывать-сәйкессіздік;
Цикл-грек сөзі kyklos-круг-қайталау кезеңі;

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жүсіп Баласағұн.Құтты білік. Алматы. Жазушы, 1986
2. И.В.Дойников.Предпринимательское право.Москва,1998
3. Е.А.Олейников. Основы экономической безопасности.Москва,1997
4. Д.М.Мадиярова.Сыртқы экономикалық саясат және экономикалық қауіпсіздік.Алматы,2000
5. Турекулова Д.И.,Бейсенғалиев Б.Т.,Жұманова Б.Қ.,Құрманов Н.А.
6. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі . Алматы, 2015
7. К.С Мухтарова.Государственное управление экономической безопасностью в Республике Казахстан. Алматы, 2014
8. Г.Г Мусабаев. Орысша-қазақша сөздік. 1-том. Алма-Ата,1978
9. Г.Г Мусабаев. Н.Т Сауранбаев.Орысша-қазақша сөздік. II - том.Алматы,1981
10. Райзберг Б.А., Лодовский Л.Ш., Стародубцова Е.Б. Современный экономический словарь. Москва,1996
11. Пралиев Ж.С., Угрозы экономической безопасности предприятия в условиях глобальной неустойчивости Ж.Альпари 2010
12. Абдуллаева Е.А Государство в системе экономической безопасности хозяйствующих субъектов. Ж Банки Казахстана №4.,2011
13. Абуова А.Н. Обеспечение экономической безопасности при конфликте интересов групп лиц по поводу контроля над предприятием. Ж Банки Казахстана, №1., 2010
14. Дауылбаев К.Б., Нұрханов А.Г. Сущность и цели экономической безопасности. Транзитная экономика. №4, 2016
15. Е.Садыков. Индикаторы экономической безопасности. Ж. Қаржы-Қаражат 2009
16. Кайкен Ж.Б., Султанов Ө.С., Қалдыбаев М.М., Кәсіпорын экономикасы.Семей.Семей печать, 2010 г.
17. Кайкен Ж.Б. Тусупбеков Т.Экономиканы мемлекеттік реттеу.Семей.2003
18. Кайкен Ж.Б., Тахтаева Р.Ш., Джандыбаев Т.И., Семейханова А.М. Аймақ экономикасы.Семей 2017
19. КайкенЖ.Б., Тахтаева Р.Ш.,Уанова Ж.М., Шаяхметова Л.М.,Топтар (кластер) экономикасы.Семей.2017
20. Кайкен Ж.Б., Тахтаева Р.Ш., Джандыбаева З.С. Кіші (микро) және үлкен (макро) экономикалардың талдауы. Семей, 2018 ж

Мазмұны

Алғысөз

I-тарау. Қауыптылық, қауіпсіздік туралы ұғым.

1.1. Қауыптылық, қауыпсыздық туралы түсінік, түрлері.

1.2. Қауыптың туындауы.

1.3. Қауыпсыздық маңызы, мағынасы.

II-тарау. Экономикалық қауыпсыздық мағынасы, мақсаты, көрсеткіштері.

2.1. Экономикалық қауыпсыздықтың мағынасы.

2.2. Экономикалық қауыпсыздық мәні мен мақсаты.

2.3. Экономикалық қауыпсыздықтың көрсеткіштері, деңгейлерін бағалау әдістері.

III-тарау. Халықаралық, мемлекеттік экономикалық қауыпсыздық.

3.1. Халықаралық экономикалық қауыпсыздық.

3.2. Ұлттық қауыпсыздық жүйесіндегі экономикалық қауыпсыздық.

3.3. Экономикалық қауыпсыздықтағы қауып.

3.4. Экономикалық қауыпсыздықты қамтамасыз ету.

IV-тарау. Аймақтардың экономикалық қауыпсыздығы.

4.1. Аймақтардың экономикалық қауыпсыздығының мәні, мәселелері, туындайтын жерлері, ондағы міндеттер.

4.2. Аймақтардың дағдарыс жағдайы.

4.3. Аймақтардың дағдарыстан шығу жолдары.

4.4. Аймақтың экономикалық қауыпсыздығындағы саясат.

V-тарау. Кәсіпорынның экономикалық қауыпсыздығы.

5.1. Кәсіпорынның экономикалық қауыпсыздығының мәні, мақсаты.

5.2. Экономикалық қауып түрлері, олардың шегі.

5.3. Экономикалық қауыпсыздықты қамтамасыз ететін басты мәселелер.

5.4. Кәсіпорынды бақылағанда әртүрлі топтардың (қор қосушылардың-акционерлер) қайшылығы туғандағы экономикалық қауыпсыздықты қамтамасыз ету.

5.5. Кәсіпорынның экономикалық қауыпсыздығындағы саяси-құқықтық мәселелер.

VI-тарау. Адамның экономикалық қауыпсыздығы.

6.1. Адамның жалпы қауыпы, оның жіктелуі.

6.2. Адамның экономикалық қауыпсыздығын қамтамасыз етудің негізгі міндеттері мен шаралары.

6.3. Табиғат қауыпсыздығы.

6.4. Азық-түлік қауыпсыздығы.

6.5. Еңбек қауыпсыздығын қамтамасыз ету.

6.6. Демографиялық қауыпсыздық.

6.7. Білім алуудағы, әлеуметтік жағдайлар туғызудағы адамның қауыпсыздығы.

Қазақшаланған шет ел сөздері.

Пайдаланылған әдебиеттер.

Кайкен Ж.Б., Аманбаева А.А., Қабдолланова А.Е.,
Аубакиров Ф.М.

Экономикалық қауыпсыздандыру

Оқу құралы

*Жауапты редактор Семейханова Асем Максатовна
Компьютерге терген Айдосова Мархабат Бекбатыровна
Омарбаева Арайлым Қамзақұзы*

Баспаға берілген күні

Басуға қол қойылған

Баспа беті 5,0

Басылым 100 дана

Басу орны: Семей қаласы, «Семей печать» ӨК

Гагарин көшесі 122, телефон: 56-62-18



Қайкен Жабайхан Баймұхаметұлы

Экономика ғылымдарының кандидаты, Аймақтық менеджмент Академиясының корреспондент-мүшесі, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессоры, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің профессоры.

Ғылыми жұмыстар 79, оның ішінде 15 оқулық құралдар, 5 өлеңдер жинағы



Аманбаева Асемгуль Абдулмансуровна – Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD).

30 аса ғылыми еңбектің авторы: 1 монография, 2 оқулық



Қабдолланова Альфия Естаевна – заң магистрі

«Қазтұтынуодағы агробизнес және экономика колледж» мекемесінің директорының оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Баспадан шыққан - 2 оқулық, 9 ғылыми мақала.



Аубакиров Фазыл Мағазбекұлы - экономика магистрі, аға оқытушы.

30 ғылыми мақала, 2 оқулық, 4 оқу құралының авторы.

Чехия Аграрлық университеті (Česká zemědělská univerzita Чехия, Прага) және Высшая Школа Финансов и Управления (WSFiZ, Польша Республикасы, Белосток қ.) университетінде халықаралық тәжірибеден өткен. Кәсіби біліктілігін жоғарылатуда көптеген халықаралық дипломдар мен сертификаттары бар. Астана экономикалық Форумы және Астана халықаралық Қаржы орталығы Форумының тұрақты қатысушысы.

Кітап оқуды, шахмат ойынын және әлем елдерінде саяхаттауды ұнатады.

